АТАМЕКЕН

180 ЖЫЛ

Атамекен ГАЗЕТІ • 1932 жылдан бастап шығады •

• Өңірмен үндес, елмен тілдес аудан айнасы •

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

№ 28 (6332)
11 шілде,
сенбі, 2026 жыл

www.atamekengazeti.kz | Атамекен Газеті | @atameken__press | 1932atameken@bk.ru

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Елдің жаңа саяси кезеңіне қадам

2026 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының алғашқы отырысы өтіп, 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының алғашқы сайлауын ұйымдастыруға қатысты маңызды мәселелер қаралды. Бұл жиын еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енген күні өтіп, жаңа мемлекеттік басқару жүйесі аясындағы алғашқы жалпыхалықтық сайлау науқанының басталғанын айқындады.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров:

– Бұл барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары үшін үлкен жауапкершілік. Біздің басты міндетіміз – сайлауды заң талаптарына толық сәйкестікте, ашық, жария әрі жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізу, барлық саяси партиялар мен сайлау процесіне қатысушыларға тең мүмкіндік жасау, – деп Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы еліміздің саяси өміріндегі тарихи оқиға екенін атап өтті.

Отырыста Құрылтай депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізудің күнтізбелік жоспары бекітілді. Сонымен қатар сайлау құжаттарының нысандары айқындалып, сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру, халықаралық байқаушылардың қызметін ұйымдастыру, сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту және сайлау заңнамасындағы өзгерістер қаралды.

ОСК мәліметінше, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сайлаушылар тізіміне 12 миллион 561 мың 644 азамат енгізілген. Ел аумағында 10 427 сайлау учаскесі, оның ішінде 64 мемлекетте орналасқан 82 шетелдік сайлау учаскесі жұмыс істейтін болады.

Жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімдерін учаскелік комиссияларға 2 тамызға дейін тапсырады. Азаматтар өз деректерін 7 тамыздан бастап тексере алады.

Жаңартылған Конституцияға сәйкес, еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган – Құрылтай. Ол бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша

пропорционалды жүйемен сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, саяси партияларға интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында сайлауалды үгіт жүргізуге мүмкіндік берілді. Сонымен бірге сайлау күні толтырылған бюллетеньді фотоға немесе бейнежазбаға түсіруге және таратуға заңмен тыйым салынды.

Сайлауалды үгіт жұмыстары 23 шілде күні сағат 18:00-ден кейін басталып, 22 тамыз күні сағат 00:00-деаяқталады.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес, Құрылтай депутаттарының сайлауына қатысу үшін жеті саяси партия өтініш білдірді. Олар:

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы;
«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы;
Әділет саяси партиясы;
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия;
«Байтақ» жасылдар партиясы.
Қазақстан Халық партиясы;
Respublica партиясы;

Саяси партиялар кандидаттарын партиялық тізім арқылы ұсынады. Заң талаптарына сәйкес партиялық тізімдегі әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі кемінде 30 пайызды құрауы тиіс.

Алғашқы Құрылтай сайлауын сапалы ұйымдастыру мақсатында Орталық сайлау комиссиясы үш кезеңнен тұратын оқыту бағдарламасын жүзеге асырады. Бағдарлама аясында 71 мыңнан астам сайлау комиссиясының мүшесі жаңа Конституция мен жаңартылған сайлау заңнамасының талаптары бойынша даярлықтан өтеді.

Оқу барысында комиссия мүшелері заңнаманы қолдану ерекшеліктерін меңгеріп, тестілеуден өтеді. Сәтті аяқтағандарға электрондық сертификаттар беріледі.

Орталық сайлау комиссиясының отырысына саяси партиялардың, мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ халықаралық байқаушылардың жұмысына жауапты мекемелердің өкілдері қатысты.

Жиынды қорытындылаған ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы еліміздің жаңа конституциялық даму кезеңіндегі маңызды саяси науқан екенін атап өтті.

– Сайлау заңнамасының талаптарын бұлжытпай сақтау, ашықтықты қамтамасыз ету және барлық қатысушыларға тең жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Азаматтардың сенімі мен сайлаудың әділдігі – осы жұмыстың негізгі өлшемі, – деді ОСК төрағасы.

Осылайша, 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының алғашқы сайлауы жаңа Конституция аясындағы саяси реформалардың маңызды кезеңіне айналмақ. Сайлау науқанының ашық әрі әділ өтуі елдегі демократиялық үдерістерді одан әрі нығайтуға бағытталған.

«Атамекен-ақпарат»

Қаламгерлер мұрасын қастерлейтін заманауи медиа орталық ашылды

Ақындар мен батырлар бесігі, рухани қазыналы аймаққа айналған Ұзынағаш ауылында кезекті бір жасампаз жаңарудың куәсі болдық. 8 шілде күні Жамбыл аудандық орталық кітапханасында өңірдің мәдени келбетін жаңа биікке көтеретін «Қалам мен шабыт мекені» шығармашылық орталығы мен заманауи «Кітапхана TV» медиа алаңының тұсауы кесілді. Рухани жаңғыру жолындағы осынау айтулы шараның өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны әрбір детальдан аңғарылып тұрды.

Жаңадан ашылған бұл шығармашылық ордасының басты ерекшелігі – келушілер бұл жерден тек қана кітап оқып кетпей, сонымен қатар, аймақтың ақын-жазушыларының тұтынған жеке заттарымен, олардың артында қалған мол әдеби мұрасымен көзбе-көз танысу мүмкіндігіне ие болмақ. Осы игі жобаның мақсаты мен мұраты туралы аудандық орталық кітапхана директоры Аяужан Садуақасова: «Жамбыл ауданының жайсаңдарын бір арнаға тоғыстырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғау мақсатында бүгінгі іс-шарамыз жүзеге асып жатыр. Біз өте қуаныштымыз. Өйткені, атадан балаға мұра болып қалған әрбір тарих, әрбір кітапты келешек ұрпақ білу керек, көру керек, оқу керек», – деп ағынан жарылды.

Аталған жиынға арнайы шақыртумен келген қазыналы қариялар мен мәртебелі қонақтар кітапхана табалдырығын аттаған сәттен-ақ ерекше ілтипат пен құрметке бөленді. Кітапхана ұжымы меймандарды «NAZ-CITY» бөбекжай-балабақшасы бүлдіршіндерінің орындауындағы әуезді хормен қарсы алса, «Бөпемай» әжелер ансамблі шашуын шашып, кеш жүргізушілері жүрекжарды лебіздері мен арнау өлеңдерін жолдады.

Жаңа шығармашылық кеңістіктің лентасын қию салтанаты тебіреністі сәттерге ұласты. Бұл тарихи сәттің тұсауын кесу мәртебесі аудан әкімі Нұрлан Ертасұлына, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы және Қазақстанның құрметті журналисі Күмісжан Байжанға бұйырды.

Салтанатты шара оқу залында «Жамбыл елі – жыр елі» атты шығармашылық кездесу

кешіне ұласты. Жиын тізгінін ұстаған танымал қаламгер Нағашыбек Қапалбекұлы кештің мәні мен маңызын тереңнен қозғап, аталы сөздерімен және шешендік шеберлігімен басқосуды өте жоғары деңгейде жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде:

– «Кітапханасы мен кітабы жоқ елде бұзақылық пен түрме көбейеді дейді. Бұл тәмсіл бұрыннан келе жатыр. Ал енді кітапхана осындай игі істер атқарып отыр. Міне, қаламгерлерге, ақын-жазушыларға арнайы осындай орын – «Қалам мен қаламгер» атты мекен дайындап тұр. Бұл өте керемет, бір ғажап іс», – деп жоғары бағалады.

Басқосуда құттықтау сөз алған аудан басшысы Нұрлан Ертасұлы бұл жобалардың аймақ руханиятын байытудағы, әсіресе өскелең ұрпақтың санасын ояту, жастар саясаты мен заманауи медиа кеңістікті жаңа бағытта дамытудағы маңыздылығына ерекше тоқталды.

Кеш барысында Қазақстан фотоөнерінің қайраткері Нұрманбет Қизатов, Қазақстанның Құрметті журналисі, Жұмаш Арғынбаев, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Нүсіпбай Әбдірахым, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері Өмірбай Өмірзақов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Гүлнар Өмірзақова, «Огни Алатау» газетінің тілшісі Исмаилжан Иминов, жыршы-термеші Жылбек Тоқтасынов, ҚР Ақпарат саласының үздігі, ақын Роза Сейілхан және «Алатау арайы» газетінің Жамбыл ауданындағы меншікті тілшісі Серік Сатыбалдиев сынды құрметті қонақтар сөз алып, ізгі тілектерін білдірді. Осы мәртебелі меймандардың тұшымды ойларымен қатар, бүлдіршіндердің дайындаған өнерлері де кештің шырайын келтірді.

Әсіресе, жиналған қауымның жүрегін елжіретіп, ерекше тебіренткен бір сәт болды. «NAZ-CITY» балабақшасының тәрбиеленушісі, кіп-кішкентай Нұрәділ Толғанай сахнада Ана туралы өлеңді нақышына келтіре оқығанда залдағы көрермен сілтідей тынды. Балдырғанның бал тілінен төгілген перзенттік махаббат залда отырған мүйізі қарағайдай ақын-жазушылардан бастап, бүкіл кешке қатысқан жанның жанарына жас үйірді.

Бұл – сөз құдіреті мен бала пәктігі тоғысқан, кештің ең аяулы да есте қаларлық сәтіне айналды.

Шара соңында кітапхана директоры Аяужан Заманбекқызы жобаның жүзеге асуына зор қолдау көрсеткен аудан басшылығына және шақыруды үлкен құрметпен қабылдап, рухани демеу болған мәртебелі қаламгерлерге тағы бір мәрте өзінің шексіз алғысын білдірді.

Бүгін тұсауы кесілген «Қалам мен шабыт мекені» орталығы мен «Кітапхана TV» медиа алаңы – алдағы уақытта ауданның болашақ дүлдүл ақындарын, білгір жазушыларын, от ауызды, орақ тілді журналистері мен заманауи медиа мамандарын тәрбиелеп шығаратын, ұлттық құндылықтар мен ана тіліміз қастерленетін шығармашылық ордаға айналары сөзсіз. Руханиятымыздың шамшырағы ешқашан сөнбей, кітаптың мерейі үстем, қаламның қасиеті әрдайым биік болсын!

Жұмахан Байғазықызы
АТАМЕКЕН

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті аудан тұрғындары!
Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабардар ететін «Атамекен» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны жалғасуда.

АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз, ертеңгі тарихымыз

Атамекен – біздің түп қазығымыз,
Атамекен – рухани азығымыз.
Тіршілігін ауданның білем десең,
Басылымға тартынбай жазылыңыз!

Жеке адамдар үшін «ҚАЗПОЧТА» АҚ тасымалдау қызметін қоса есептегенде
жарты жылға – 3955,36 теңге (Индексі 66264)
Ал зейнеткерлер мен мүгедектер үшін
Жарты жылға – 3705,36 (Индексі 36264)
Газеттің электронды нұсқасына
12 айға жазылу бағасы – 5500 теңге.
Сіз оны әдетте оқырмандардан бұрын ұялы телефоныңыз немесе компьютеріңіз арқылы сол заматта алып, оқу мүмкіндігіне ие боласыз.

Біздің мекенжайымыз: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі №164 «А» үй.
Телефондар: 2–44–28, 2–44–27. Толығырақ мәлімет алу үшін мына телефонға хабарласыңыз: 8–708–673–93–64, 8–705–666–38–08

Әкім және әлеумет

ҮЛКЕН АУЫЛЫ – ҮЛКЕН ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ

Соңғы жылдары Үлкен ауылы еліміздің ғана емес, халықаралық деңгейдегі маңызды жобалардың бірі – атом электр станциясының құрылысымен тығыз байланыстырылып келеді. Бұл бастама ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға жол ашады. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және өзге де әлеуметтік салаларда жүйелі жұмыстар жалғасуда.

Осы орайда Үлкен ауылдық округінің әкімі Кенжемұрат Болатұлымен ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігі, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде әңгімелескен едік. Сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Кенжемұрат Болатұлы, әңгімені Үлкен ауылдық округінің бүгінгі тыныс-тіршілігінен баста-

сақ. Ауылдың қазіргі әлеуметтік-экономикалық ахуалы туралы айтсаңыз?

– Үлкен ауылы – тарихы терең, болашағына үлкен үміт артылатын елді мекендердің бірі. Бүгінде ауылдық округте 1694 тұрғын тұрады. Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі – балық шаруашылығы, кәсіпкерлік және түрлі қызмет көрсету салалары.

Біздің негізгі мақсатымыз – халықтың тұрмыс сапасын арттыру, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру. Бұл бағытта жыл сайын нақты жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар ауылдың дамуына оң әсерін тигізуде.

Соңғы уақытта Үлкен ауылы еліміздегі стратегиялық маңызы бар аумақтардың біріне айналып келеді. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан ауылдың бүгінгі мәселелерін ғана емес, ертеңгі дамуын да қатар ойластырып жұмыс жүргізудеміз.

– Білім саласына тоқталсақ. Үлкен ауылындағы мектептің бүгінгі жағдайы қандай?

– Білім беру – біздің басты назарымыздағы салалардың бірі. Ауылымызда 1167 орындық орта мектеп жұмыс істейді. Қазіргі таңда онда 300-ге жуық оқушы білім алуда. Мектепте білім сапасын арттыруға, балалардың жан-жақты дамуына барлық қажетті жағдай жасалған.

Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуге 8 түлек қатысты. Жалпы білім көрсеткіші 86 пайызды құрады. Бұл – ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Біз үшін ерекше қуанышты жаңалықтың бірі – мектеп түлегі Тойбазарова Зульфияның «Алтын белгі» иегері атанып, ҰБТ-дан 120 балл жинауы. Бұл жетістік ауыл жастарының білімге деген ұмтылысының айқын дәлелі деп білемін.

– Ауылда үш ауысымды мектеп мәселесі жоқ па?

– Қазіргі уақытта Үлкен ауылында үш ауысымды оқыту мәселесі жоқ. Қолданыстағы мектеп оқушыларды толық қамтып отыр.

Дегенмен, біз болашаққа жұмыс істеп жатырмыз. Алдағы уақытта халық санының артуы, жаңа өндірістердің іске қосылуы білім беру саласына да жаңа талаптар қоятыны анық. Сондықтан бұл мәселе әрдайым назарымызда болады.

– Бүгінде ел назарындағы басты тақырыптардың бірі – АЭС құрылысы. Бұл жобаға қатысты көзқарасыңызды білсек?

– Атом электр станциясының құрылысы – еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тарихи әрі стратегиялық жоба. Ал Үлкен ауылы үшін бұл – жаңа даму кезеңінің бастауы.

Мен бұл жобаны ауылымыздың болашағына серпін беретін маңызды мүмкіндік деп бағалаймын. Себебі АЭС салу тек бір нысанның құрылысы емес. Ол жаңа инвестициялар, жаңа өндірістер, жаңа жұмыс орындары мен жаңа инфрақұрылым деген сөз.

Жобаның жүзеге асуы нәтижесінде тұрғындарды жұмыспен қамту мүмкіндігі кеңейеді, шағын және орта бизнес дамиды, халық саны өседі. Инженерлік желілер, жолдар, әлеуметтік нысандар кезең-кезеңімен жаңарып, өңірдің экономикалық әлеуеті артады.

Бүгінде дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. «Росатом» компаниясы 70-тен астам бұрғылау жұмысын орындады. Сонымен қатар алдағы уақытта Қытайдың «CNNC» компаниясы инженерлік-іздестіру және бұрғылау жұмыстарын жалғастырмақ. Бұл жұмыстардың барлығы халықаралық талаптарға сай жүзеге асырылатын болады.

– Тұрғындар АЭС құрылысынан қандай нақты пайда көреді деп ойлайсыз?

– Ең алдымен, жұмыспен қамту мәселесі оң шешімін табады. Жастар туған жерінде еңбек етуге мүмкіндік алады. Қызмет көрсету саласы, сауда, құрылыс, көлік және шағын кәсіпкерлік қарқынды дами түседі.

Екінші маңызды мәселе – инфрақұрылымның дамуы. Халық саны көбейген сайын тұрғын үй, әлеуметтік нысандар, жол, байланыс және коммуналдық жүйелер де жаңарады. Бұл тек Үлкен ауылы үшін емес, тұтас өңірдің дамуына оң ықпал етеді. Сондықтан біз бұл жобаны ұзақ мерзімді даму мүмкіндігі ретінде қарастырамыз.

– Денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтсеңіз?

– Денсаулық сақтау – тұрғындардың өмір сапасын айқындайтын негізгі салалардың бірі.

Қазіргі таңда ауылымызда жаңа дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталу кезеңінде. Жоспар бойынша биыл пайдалануға беріледі.

Бұл – ауыл тұрғындары көптен күткен нысан. Себебі Үлкен ауылы аудан орталығынан 350 шақырым қашықтықта орналасқан. Сондықтан алғашқы медициналық көмекті, қажетті тексерулер мен талдауларды ауылдан шықпай-ақ алу тұрғындар үшін өте маңызды. Жаңа амбулатория іске қосылғаннан кейін медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі едәуір артады деп сенеміз.

– Ауыл әкімі ретінде өз жұмысыңызда қандай қағиданы басшылыққа аласыз?

– Мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – халыққа қызмет ету. Сондықтан тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлеріне әрдайым құлақ асуға тырысамыз.

Кез келген мәселені заң аясында, кезең-кезеңімен шешу – біздің басты ұстанымымыз. Елдің сенімі – біз үшін ең үлкен жауапкершілік.

– Үлкен ауылының болашағын қалай елестетесіз?

– Үлкен ауылының болашағына үлкен сеніммен қараймын. Қазірдің өзінде ауылымыз еліміздің стратегиялық даму жоспарларында маңызды орын алып отыр.

Сонымен қатар біз туризм саласын жандандыруымыз қажет. Жағажайға жақын орналасуы, демалушыларға қолайлы табиғи ортасы – үлкен артықшылық. Бұл кәсіпкерлер үшін де мол мүмкіндік. Қазірдің өзінде жағажайға еліміздің әр өңірінен, тіпті көршілес мемлекеттерден де демалушылар келіп жатыр.

Алдағы жылдары жүзеге асатын инвестициялық жобалар халық санының өсуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді. Мұның барлығы ауылдың жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

Үлкеннің ертеңі – бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстарға тікелей байланысты. Сондықтан біз әрбір жобаны сапалы жүзеге асыруға, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға күш салып келеміз.

Менің ойымша, бұл ауыл алдағы уақытта өндірісі дамыған, инфрақұрылымы жетілген, жастар тұрақтап еңбек ететін, тұрғындарға қолайлы заманауи елді мекенге айналады. Ал жүзеге асырылатын ірі инвестициялық жобалардың нәтижесінде Үлкеннің болашақта үлкен қалаға айналуына толық негіз бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

– Барша ауыл тұрғындарына амандық, бірлік пен береке тілеймін. Ауылымыздың өсіп-өркендеуі – бәріміздің ортақ мақсатымыз. Ел болып еңбек етсек, Үлкеннің келешегі бұдан да жарқын боларына сенемін.

Сұхбаттасқан:
Бақтияр АЙТАЛЫ.

13 шілде - Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің күні

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің баспасөз хатшысы.

Қауіпсіз қоғамның берік қалқаны

13 шілде – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылған күн. Бұл – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде аянбай еңбек етіп жүрген мыңдаған азаматтардың кәсіби мерекесі ғана емес, ел тыныштығы мен тәуелсіздігінің қадірін терең сезінетін күн.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыра білді. Қазіргі заманғы сын-қатерлер мен жаһандық өзгерістер жағдайында қауіпсіздік ұғымы бұрынғыдан әлдеқайда ауқымды сипатқа ие болды. Бүгінде ол тек мемлекеттік шекараны күзету немесе құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Ақпараттық кеңістікті қорғау, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес, экономикалық тұрақтылықты сақтау, қоғамдық келісімді нығайту және азаматтардың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау – осының барлығы ұлттық қауіпсіздік жүйесінің маңызды бағыттарына айналды.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ерекше рөл атқарады. Комитет қызметкерлері тәулік бойы мемлекет мүддесін қорғап, елдің конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын сақтауға, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етуге үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы айқындаған «Қауіпсіз қоғам» ұлттық жобасы да осы стратегиялық міндеттердің заңды жалғасы болып табылады. Жобаның негізгі мақсаты – азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту және құқық бұзушылықтардың алдын алу арқылы қауіпсіз орта қалыптастыру. Алайда қауіпсіз қоғам құру ең алдымен мемлекеттік шекарадан басталатыны анық.

Шекара – мемлекеттің бірінші қорғаныс шебі. Ол жай ғана картадағы сызық емес, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіздіміздің символы, ұлттық қауіпсіздіктің алтын қазығы. Шекараның беріктігі – мемлекеттің беріктігі, ал оның тыныштығы – ел ішіндегі тұрақтылықтың кепілі.

Сондықтан да ҰҚК Шекара қызметі ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі маңызды буындардың бірі саналады. Ел шебін күзететін шекарашылар тәулік бойы қырағылық танытып, мемлекеттің аумақтық тұтастығын қорғау жолында қызмет атқарады. Олар заңсыз көші-қонға, контрабандаға, трансұлттық қылмысқа, есірткі тасымалына және басқа да қауіп-қатерлерге қарсы күрестің алдыңғы шебінде жүр.

Әсіресе, еліміздің оңтүстік-шығыс қақпасын күзететін ҰҚК Шекара қызметінің Алматы облысы бойынша департаменті жеке құрамының қызметі ерекше құрметке лайық. Биік таулар мен асуларда, күрделі климаттық жағдайларда атқарылатын шекарашылардың күнделікті еңбегі сырт көзге көріне бермегенімен, оның артында мемлекет қауіпсіздігі мен миллиондаған азаматтардың тыныштығы тұр.

Шекарашы үшін қызмет орнының географиясы маңызды емес. Ол үшін ең бастысы – сеніп тапсырылған шептің бүтіндігі мен мемлекеттің мүддесі. Қарлы шыңдарда, жазиралы далада, өзен өткелдері мен тау соқпақтарында атқарылатын қызмет ерекше төзімділікті, жоғары кәсібілікті және Отанға деген шексіз адалдықты талап етеді.

Шекарадағы тыныштық – ел ішіндегі тыныштықтың кепілі. Егер шекара берік қорғалса, қоғам да өзін қауіпсіз сезінеді. Балалар мектепке алаңсыз барады, азаматтар еңбек етіп, кәсіппен айналысады, мемлекет тұрақты дамиды. Сондықтан қауіпсіз қоғамның негізі ең алдымен қауіпсіз шекарадан басталады деуге толық негіз бар.

Ұлттық қауіпсіздік саласында қызмет ететін әрбір офицер мен сарбаздың еңбегі көбіне көзге көрінбейді. Олардың жұмысы жариялылықтан гөрі жауапкершілікті, даңқтан гөрі қырағылықты талап етеді. Алайда дәл осы үнсіз қызметтің арқасында ел бейбіт өмір сүріп, қоғам тұрақты дамып келеді.

Бүгінде қауіпсіздік тек арнайы органдардың ғана міндеті емес, ол – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді нығайту – «Қауіпсіз қоғам» ұлттық жобасының басты қағидаттарының бірі.

Өйткені бейбіт өмірдің бағасы – қырағы күзетте. Ел шебі берік болса – ел іргесі де берік. Ал қауіпсіз қоғамның басты тірегі – ұлттық қауіпсіздік пен шекараның мызғымас қорғаны болып қала береді.

Газетіміздің бүгінгі санында ұлттық руханияттың қәусар бұлағынан сусындаған көрнекті ақын, фольклортанушы әрі мұрағаттанушы Өмірбай Өмірзақұлының жалынды жырлары ойлы оқырманға жол тартпақ. 1943 жылы қасиетті Жамбыл өңірінің киелі Қарақыстақ топырағында туған арқалы ақын «Қабылиса жырау» және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтардың лауреаты, сондай-ақ Түркі әлемінің ортақ мақтанышы - «ТҮРКСОЙ» ұйымының «Тоқтағұл Сатылғанов» атындағы медалінің иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Қазақ поэзиясының қос алыбы – Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы мен оның шәкірті, халық ақыны Өмірзақ Қарғабаевтың 160 жылдық мерейіне орай «Өлеңмен өрілген өмір» атты тағылымды әдеби-сазды кеш 8 шілде күні Үмбетәлі Кәрібаев атындағы мұражай қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өтті.

Кеш шымылдығын жүргізуші Жамбыл Жабаевтың жоталы жыр жолдарымен ашып, көрермен көңілін бірден баурап алды.

Тағылымды шараға Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Өмірбай Өмірзақов пен Ділдә Өмірзаққеліні, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Әлия Үмбетәлина, Жамбыл Жабаев атындағы әдеби-мемориалды музейінің меңгерушісі Салтанат Жамбылова, Сүйінбай Аронұлы атындағы әдеби-мемориалды музейінің меңгерушісі Гүлзат Асқарова сондай-ақ ҚР мәдениет саласының үздігі Ермек Шаштайұлы, күйші-композитор Берік Бөкебаев және аудандық «Атамекен» газетінің тілшісі Тұрсынжан Тоқтасынов қатысты.

Кеш барысында көрермен назарына Өмірзақ Қарғабаевтың замандастары мен ұстазы Жамбыл Жабаев туралы бейнеролик ұсынылды. Бұл тарихи бейнежазба көрерменге өткен дәуірдің тынысын сезіндіріп, ақындар арасындағы рухани сабақтастықты айқындай түсті.

Шарада алғашқы сөз алған Салтанат Тезекбайқызы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы мен оның шәкірттеріне қалдырған мол мұрасына кеңінен тоқталды. Келесі кезекте Гүлзат Асқарова мен Ермек Шаштайұлы да сөз алып, қазақтың жыраулық дәстүрі мен ақындық мектептің сабақтастығы жөнінде тағылымды ойларымен бөлісті.

Кеш көркін қыздырған өнер бөлімі де көпшілік көңілінен шықты. Күйші Берік Бөкебаев орындаған «Ерке сылқым» күйі тыңдарманды ұлттық өнердің тереңіне жетелесе, «Сүйінбай сазы» ансамблінің әншісі Нұртай Есболат шырқаған «Гүл дала Қазақстаным!» әні жиналған жұртшылыққа ерекше әсер сыйлады.

Бұдан соң Өмірбай Өмірзақов халық ақыны Өмірзақ Қарғабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректермен бөлісіп, өлеңдерін жатқа оқып, баба мұрасын ұлықтады. Рухани кеш соңында халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың ұрпақтары Әлия Үмбетәлина мен мұражай меңгерушісі Аида Әуелбекқызы қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың орны туралы мазмұнды пікірін білдіріп, шараға келген құрметті қонақтарға алғысын айтты.

Бұл кеш – ұлы ақындардың мұрасын дәріптеп, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын тағылымды басқосу болды.

Тұрсынжан АСҚАРҰЛЫ
АТАМЕКЕН

Пайғамбар

Бисмиллаһир-рахман-ир-раһим!
Қыз баланың үні естілмей іңгәлап,
Балбал тасқа тәу етіпті күллі араб.
Қазақ онда байтақ көшкен ел екен,
Перғауын мен Сүмбілеге бір қарап.

Жылнамалар өрге тартса туа тік,
Отты жерлер заңғар шыңды уатып.
Қос өзенде қара жерді емген ел,
Шумерлердің нанын жеген уақыт.

Ұлы елшінің келетінін білдіріп,
Әр соқпағын нөсерлете жуды бұлт.
Таң шапағын көлегелей берген ғой,
Қап-қараңғы тұңғиық.

Сұңғыла адам тартынбаған ұрандап,
Ғалам сыры жаратылыс, ұлы ардақ.
Иман менен көркем мінез сыйлаған,
Рақым нұрын төге көргін, бір Аллаһ!

Кәлима-и-Шаһада деп иланам,
Соңғы елші жүрегіме құйған ән.
Ары қарай жарылқай бер, Тәңірім,
Оғыз ханға сына жазу сыйлаған.

Босағадан аттаса екен құт күліп,
Жаратқанға бек жарасқан мықтылық.
Періштеден артық көрдің адамды,
Он сегіз мың ғалам сырын ұқтырып

Жаһан кезіп, жапан кезіп желіккен,
Ескендір де болашағын көріп кең.
Иісі грек хақ дініне өтсе деп,
Аңсады екен неліктен?!

Шежірені өсе алам ба жамандап,
Ізгі ниет бұйырған ғой адамға ақ.
Зұлқарнайын ызғарына жолыққан,
Топан судан Платондар аман қап.

Жаратқаным, құтқара гөр, күпірден,
Әділ жолда үлбіреген үкің мен.
Екі дүние елшісіне кім жеткен,
Адам жанын тамыршыдай түсінген.

Сөзі менен ісі түзу басынан,
Аманат пен сезім жайлы тасыған.
Даналық пен сөз қисынын гүлдетіп,
Хақ бұйрығын асқақтатқан жасынан.

Пенде болып бір күнәға батпаған,
Пайғамбарлар өлкесінде тақты Адам.
Жер бетінің жаратылған биігі,
Махшар күні тек өзіңмен мақтанам.

Хижра жыл жылжытқанда күнді әрі,
Әсем даусын әлем үнсіз тыңдады.
Хазіреттің әрбір сөзін растап,
Жаңғырықты Арафаттың шыңдары.

Өз биігін жылжығанда тіле күн,
Сырласқан ғой бір бақыт пен бір өлім.
Құран-Кәрім қияметке жалғасып,
Бәдәуидің жадыратқан жүрегін.

Бүкіл Әлем қастерлеген Құранды ап,
Әр сүреден арайланған Тұран жақ.
Тек жаннатта пайғамбардың үмбеті,
Жындарға да пана болдың бір Аллаһ.

Қыран - жаным көрген емес төмендеп,
Төбем - Аллаһ, төбем жұлдыз, төбем көк.
Ақындардың асқақтаған жүрегін,
Таулармен қойдың өзің шегендеп!

Жамбыл жайлы жыр

Ақынның бағы тамызда гүлдеп тұрды бір,
Қырларға мынау сарала жалау тұнды нұр.
Атамыз өскен аталы жерде ояндым,
Кеудемді тербеп бір дүбір.

Көлеңке құлап күңіреніп жатса сайлардан,
Шыңдардың басы жалындап тұрды бәйге алған.
Көктемді көрдім гүлдерін ашқан бұл бақта,
Жерік келіндей желпініп өткен айлардан.

Тай қазан – өлең осында ғана қайнаған,
Бозала таңда бұлбұлы жалғыз сайраған.
Самал жел болып сарайымды ашып өтті ғой,
Бозқасқа бұлақ бөлініп түскен айнадан.

Шылбыр - сезімім кеудені ұзақ ызады-ай,
Ақынның рухы толқытқан мені Музадай.
Алмалы бағы жұлдыздай жайнап гүлдепті,
Тағы бір Жамбыл туатын шығар ұзамай.

Нұрғиса

Өзің жайлы жазылғанда отты өлең,
Құстар жолы мөлдіреді тоқтамай.
Пірің болып алып ұшты көкпенен,
Кетбұғы мен Асан қайғы, қарт Ноғай.

Домбыраны көнерген,
Шежіредей көрем мен.
Ұзынағашта тусаңда,
Ұштың Шилікемерден.
Құлансаздан көшті бұлт,
Таулардан күй естіліп.

Алты алаштың әлпештеген ұлы деп,
Ел жүрегін билеп алды ой-арман.
Сен барғанда Құрманғазы құдірет,
Отырардың сазын тыңдап оянған.

Толқыны тулап ашалы,
Жайық екпін қосады.
Махамбеттей күлді асқақ
Құмның кемпірқосағы,
Шырқалғанда дос әні.
Шабыт алдан тосады.

Отанымның күйдіргенде оқ көгін,
Сыр айтайын біле бермес ел мүлде.
Он сегіздің жарқылдатып көктемін,
Ағалармен бірге кірдің Берлинге.

Соғыс күйі қызғанда
Өткен күннен із барда.
Сыңғырлаған медальдар
Сырын ашты қыздарға.
Сирек күлген ей, Бақыт,
Ұлыларды қызғанба.

Алатаудан жалғыз қыран асты әрі,
Аққу арман қалды елінде гүл кешкен.
Өзің ғана шын өнердің асқары
Жыр - Жамбылмен тілдескен.

Жұпар шашып қырдан гүл,
Аялайды ұлды алғыр.
Ата толғау толқытқан,
Өткен сайын жылдан жыл.
Туған сайын жырдан жыр,
Қолтықтасып ұлымен
Асқақ қарап тұр Жамбыл.

Біздің жерде Қызыр қанат әр адам...

Толқытқанда небір ойдың сарасын,
Сырлы әуезге күндерім көп қанатын.
Жамбыл жері әулиенің ошағы,
Ұлылықтың оты мәңгі жанатын.

Нұрын төгіп биігімнен қыран күн,
Сырын ұқтым өмір деген бір әннің.
Керей менен Әз Жәнібек бастаған,
Көсемдері келе жатыр Тұранның.

Уақыттың дауылына жеке ерген,
Ерлерімді мәңгі жырлап өтем мен.
Қозыбасы - Алатаудың айбыны,
Қазақ елі шаңырағын көтерген.

Тарихтың да сан айналған шығыры,
Міне, бүгін ақиқаттың тұғыры.
Жеті өзенді жөңкілтеді желпінтіп,
Ақындар мен батырлардың дүбірі.

Дүлдүлдері бауырынан жараған.
Біздің жерде қызыр қанат әр адам,
Алты алашты таң қалдырып, тамсантып,
Кәшке бабам хан болған ғой қарадан.

Сүйінбайы бар қазақты толғаған,
Сұраншы ғой туған жерді қорғаған.
Сарыбайдай би шыққанда шүйделі,
Төрден орын алғанбыз біз ордадан.

Жас баланың былдырлаған тілі бал,
Шіркін өлең, төгілгенде тұнып ар.
Әр шумақта Тайбурылдың екпіні
Түктібайдың қобызының үні бар.

Жетісудың кіндігінде жері құт,
Қырларынан кербез сағым керіліп,
Қонақтарын қошеметпен күтіп тұр
Үш бәйтерек күндік жерден көрініп.

Ебі тынып, Алакөлдей көл тынып,
Кәрі Жоңғар көкке қарай желпініп.
Үстіміздің нұрын төгіп барады,
Қарасайдың аппақ бұлты жөңкіліп.

Үзік сыр

Тыныштық бір сәт орнады,
Бір соғыс тынды төккен қан.
Қаралы көштің соңғы әні
Қылаулап тұрды аспаннан.

Кеудені кезген бір дүбір
Нұр болып ұшса көзден кеп.
Қайтадан жапты қырды гүл,
Кешегі үрей безген көп.

Асасын сыйлап бақ-қыдыр,
Жұлдызы сөйлеп көгінде.
Жаратқан нұрын төкті бір,
Көреген Әмір Темірге.

Ақындар сырды айтады-ақ,
Толғанса ойдың әлемі.
Тәубесін он сан қайталап,
Дәретін алған шақ еді.

Есігі жібек шатырдың,
Түріле бір сәт ашылды.
Тына қалып ақырғы үн,
Бәрі аяққа бас ұрды.

Тигізіп қолын Құранға,
Қарады Әмір байыппен.
Байлаулы сұлтан тұр алда,
Келгендей жүзіп қайықпен.

Көрмедім мұндай ауғанды,
Керемет сезім кенелді.
Жаңғыртып асқақ тауларды,
Қарқылдап ала жөнелді.

Қонбаған бидің нақылы,
Адамға кейде обал-ақ.
Зерлі шапан жарқылы,
Есік пен төрге домалап...

Тиылды бәрі кенеттен,
Ұға алар қалай жай халық.
Үлпілдеп не бір желөкпең
Сөйледі Әмір ойланып...

Бәрі туған талпыныстан, талаптан,
Жерім мынау тыныштықтың таңы атқан.
Жарты әлемді жалпағынан бастырып,
Бір соқыр мен бір ақсаққа қаратқан.

Күштісің-ау жаратқан!
Көсілгенде көсем өмір қырдағы,
Сейілді тұман біртіндеп.
Бүгілместен Баязитте тыңдады,
Әз көзінің орны ғана бүлкілдеп.

Көрмейін десем көзім бар

АНА ТІЛІНЕ ҚҰРМЕТ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Әмбеге аян, ғаламтор жүйесі өмірімізге енбей тұрған кезде доғал баспа өнімдері мен кітаптардың барлығы редакторлар мен корректор мамандардың қырағы көзінен өтетін. Бұл үрдіс тіл тазалығының қатаң сақталуына айтарлықтай әсер етті. Кез келген сөздің өз орнында тұруы, грамматикалық-стилистикалық талаптарға сай келуі жазу мәдениетінің бұлжымас заңы еді. Ал қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі жеке жазбаларға ешқандай редакторлық немесе корректорлық жұмыстар жасалмайтыны белгілі. Әлбетте, бұл тікелей әр адамның сөзге деген өз талғамы мен жауапкершілігіне байланысты. Шынтуайтында, желі пайдаланушылардың тілді қолдану мәдениеті де сан қилы болып тұр. Мұндайда ана тілімізге деген салғырттық пен жауапсыздық та қылаң бермей тұрмайды.

Технология қарыштап дамыған мына заманда әлеуметтік желілердің тіл мәдениетіне тигізер әсері қазақ тілі білімінде жан-жақты зерттелуі тиіс. Жасыратыны жоқ, бүгінде виртуалды әлем ғаламтор тұтынушыларының ажырамас серігіне айналып үлгерді. Сан түрлі тақырыпты қозғау үшін де, кәсіпті дөңгелетіп, жарнама жасау үшін де, тіпті қоғамды толғандырып жүрген мәселе жөнінде көпшіліктің ойын білу мақсатында да әлеуметтік желіге жүгінетініміз рас. Ең белсенді әрі кең тараған «Instagram», «Facebook», «TikTok», «WhatsApp» сияқты платформаларда қолданушылар қатарының күн санап артуы – сөзіміздің айқын дәлелі. Белгілі ғалым М. Балақаев: «Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымда шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда анық сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың қолынан келер жайт», деген екен. Академиктің бұл алтынға бергісіз пікірі бүгінгі желі қолданушыларына да тікелей қатысты. Өкінішке қарай, қазіргі ғаламтор кеңістігіндегі орфографиялық пен стилистикалық қателер көзге жиі ұшырасатын болды. Егер дер кезінде сақтанбасақ, тілге деген бейжайлық осындай кішігірім салғырттықтан бастау алады. Ал мұндайда тіліміздің табиғи тазалығы мен мөлдірлігін келешек ұрпаққа қалай аманаттамақпыз?

Бүгінде аудан орталығында орналасқан нысан атауларының жазылуынан да көптеген көз сүріндірер кемшіліктерді көреміз. Мұны мемлекеттік тілді менсінбеушілік, тіпті еліміздің «Тіл туралы» Заңын өрескел бұзу деп түсіну қажет. Басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, бұл ең алдымен өзіміздің төл тілімізге деген немқұрайлығымызды байқатады. Рас, Тіл басқармалары мен ономастикалық комиссиялар тарапынан біраз жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, соңғы уақытта қалыптасып келе жатқан жаңа онимдік мәселелердің күрделілігі күн санап өсіп келеді. Бұған дейін де бұл мәселе бірнеше мәрте қозғалып, жұдырықтай жұмылып жүріп біраз олқылықтың орнын толтырған едік. Әйтсе де, әлі күнге дейін осы тіл төңірегіндегі әңгімеден ұзап кете алмай жүрміз.

Соңғы уақытта кейбір коммерциялық құрылымдар шетелдік атауларды ешқандай талғамсыз еншілеуді әдетке айналдырды. Екі аттам жер бассаң, ағылшынша немесе қытай тілінде айдар тағылған мекеме атауларынан көз сүрінеді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары бұрынғы жүйенің ықпалынан шыға алмай жатқанымызды сылтаурататын едік. Ал енді Тілдерді дамытудың 2025–2029 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы қабылданып, іске асып жатқан заманда кімге жалтақтап отырмыз? Осылай жалғаса берсе, енді бірер жылда өз тіліміздің өзіміз үрке қашатын дәрежеге жетпесімізге кім кепіл? Ана тіліміздің биік мінберлер мен үлкен жиындарда есіктен сығалап, «өгей баланың» күйін кешіп жүргені аздай, көше атаулары мен маңдайшаларда «сақау сөйлеп» тұрғаны жасырын емес. Маңдайшаның тура қасында орыс тілінде қатесіз, анық жазылған сөздің қазақша нұсқасына келгенде ақсап, мағынасынан айырылып шыға келетіні қалай?! Бәз біреулер үшін бұл түкке тұрғысыз мәселе көрінгенімен, мемлекеттік тілдің қарыштап дамуына, қолданыс аясының кеңеюіне айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Көшеде, әртүрлі сауда орындарында, жарнамаларда кетіп жатқан грамматикалық қателер, доғал аудармалар, шетелдік жылтырақ атауларға еліктеушілік мемлекеттік тілдің беделіне нұқсан келтіреді. Қазақ тіліне бүйрегі бұрмайтындардың қатары осылай көбейе берсе, тіл келешегінің күңгірт тартары сөзсіз.

Осы олқылықтармен күресу және заңнамалық талаптарды орнына келтіру мақсатында 8 шілде күні Ұзынағаш көшелерінде маңызды шара ұйымдастырылды. Жамбыл аудандық тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Айбек Базарханұлы, Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы КММ-нің Жамбыл аудандық филиалының меңгерушісі Әйгерім Дәуітбекқызы және Ұзынағаш ауылдық округінің бас маманы Гүлмира Жетпісбаева бірлесіп, көшелердегі жарнамалар мен маңдайшаларға арнайы рейд жұмысын жүргізді.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 19-20-21-баптарына сәйкес, көшедегі көрнекі ақпараттар мен жарнамалар мемлекеттік тіл нормаларына сай рәсімделуі тиіс. Заң талабы бойынша мекемелердің атаулары, маңдайшалар, жарнамалар, хабарландырулар және өзге де ақпараттар мемлекеттік тілде дұрыс жазылуы міндетті. Сонымен қатар мәтіндердің әдеби тіл, орфографиялық және терминологиялық ережелерге сәйкес болуы шарт. Алайда іс жүзінде бұл талаптардың аяқасты болып жатқан жағдайлары аз емес. Екі тілде қатар берілуі тиіс кейбір жарнамалық тақталарда қазақ тілі мүлдем ұмыт қалса, енді бірінде өрескел қателер кездеседі. Ономастика және тіл саясаты саласындағы жұмыстар тарихи, географиялық, табиғи және мәдени ерекшеліктерді ескеруге, әдеби тіл нормаларын сақтауға негізделеді. Сондықтан көше бойындағы әрбір қате – түптеп келгенде тек жекелеген кәсіпкердің ғана емес, тұтас қоғамның тіл мәдениетіне сын.

Тексеріс қорытындысы бойынша мамандар қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес, қатесі бар ақпараттардың иелеріне ресми ескерту жасап, оларды түзету жөнінде ұсынымдар берді. Мамандардың негізгі міндеті – кәсіпкерлерді жазалау емес, оларға заң талаптарын түсіндіру, әдістемелік көмек көрсету және анықталған кемшіліктерді жоюға ықпал ету болып табылады. Сондықтан қате жазылған жарнамалар мен маңдайшалардың иелеріне алдымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қателерді түзету қажеттігі ескертілді. Ал заң талаптары орындалмаған жағдайда, бұл мәселе уәкілетті мемлекеттік бақылау органдарына жолданады. Нәтижесінде заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылып, айыппұл салу шаралары қолданылатын болады.

Қорыта айтқанда, кешегі Алаш зиялыларын алаңдатқан ұлттық мәселе үлкен өзгеріссіз жаңа ғасырдың да босағасын аттап отыр. Тілдік олқылықтар уақыт өткен сайын күрделене түспесе, жеңілдеген жоқ. Мұның бәрі – жазу мәдениеті мен атау беруде кеткен салғырттықтың салдары. Біздің ендігі басты мақсатымыз – тіл тазалығына ерекше мән беріп, осы бағытта нақты шараларды жүзеге асыру және ұлттық құндылығымызды қорғау жолында жұмыла жұмыс істеу. Тілдің абыройы – ұлттың абыройы екенін естен шығармайық.

Халық және нарық

ҚАЛТАНЫ ҚАККАН ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

Азық-түлік бағасының тоқтаусыз өсуі – халықтың тұрмыс-тіршілігін күрделендіре түсетіні сөзсіз. Күнделікті тұтынатын, тұрмысқа ең қажетті өнімдердің құны бүгінде қол жеткізбес биікке шарықтап барады. «Үйдегі ойды – базардағы баға бұзады» демекші, базар бағасының тұрақсыздығы қарапайым бұқараның қалтасына әжептәуір салмақ салуда. Күнделікті жейтін нанымыздан бастап, өмірлік маңызы бар азық-түлік бағасының үздіксіз қымбаттауы көптің наразылығын қалыңдата түскен тәрізді. Доллар бағамы секілді бірде түсіп, бірде көтеріліп тұрған базар нарығы бүгінде мың құбылып тұр.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда екі адамның басы қосылып, әңгімесі жарасса, олардың сөз саптауы көбіне қымбатшылық мәселесіне ойысады. Әсіресе, күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасының өсуі жұртшылықты қатты алаңдатып отыр. Соның айқын бір мысалы – қасиетті нан бағасы. Бүгінде нанның әр түрі өзіндік ерекшелігіне қарай әртүрлі бағамен саудалануда. Мәселен, халық көп тұтынатын «Сокольский», «Подовый», «Крестьянский» және «Сайка» нандарының бағасы шамамен 320 теңгені құрап тұр. Ал «Батон», «Президентский», «Здоровье» нандары 285 теңгеден сатылса, «Полезная пшеница», «Полезная рожь», «Скандинавский», «Рожь с изюмом», «Бородинский», «Шведский» және «Французский» сияқты арнайы нандардың бағасы 440 теңге шамасында тұрақталған. Салмағы мен құрамы өзгеше «Домашний» наны 555 теңгеден ұсынылса, зауыттық «Ақсай» нанының бағасы көлеміне қарай 120-165 теңге аралығында құбылады. Ал тандырдан жаңа шыққан ыстық күлшенің құны көлемі мен түріне қарай 185-250 теңге аралығында саудалануда.

Осы орайда, азық-түлік бағасының қымбаттау себебін сұрай қалсаңыз, саудагерлер тарапынан «тасымал қымбат, жанармай бағасы ұшып тұр немесе делдалдар бағаны қолдан көтеріп жіберді» деген секілді дайын уәждер айтылады. Онымен қоса, тауарға деген сұраныстың артуы да бағаның өсуіне негізгі себеп ретінде алға тартылады. Алайда, мұндайда «Қарапайым халықтың жағдайын кім ойлап жатыр?» деген заңды сауал туындайды. Қазіргі таңда ірі сауда орындары мен сәнді супермаркеттерді жағалайтындай елдің бәрінің қалтасы қалың емес. Тиыннан теңге құрап, сәл де болса үнем болсын деген жұртшылық амалсыз базар ішін жағалауға мәжбүр.

Бұл ретте мемлекет тарапынан да нарықты реттеудің жаңа тетіктері іске қосылуда. Үкімет 2023 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығын әкімшілік жолмен, яғни бұйрықпен реттеуден біртіндеп бас тарту саясатын жүзеге асырған болатын. Сол кезде әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік түрінің бірқатарына шекті баға белгілеу тоқтатылып, негізгі назар ішкі өндірісті қолдау мен нарықтағы бәсекелестікті арттыруға аударылды. Бүгінде Үкімет азық-түлік бағасын тікелей шектеуден гөрі, тұрақтандыру қорларын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы өндірушілерін субсидиялау, форвардтық сатып алуды жолға қою және сауда үстемесін қатаң бақылау арқылы нарықты тұрақтандыруға басымдық беріп отыр.

Биыл азық-түлік бағасының өсу қарқыны бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама баяулағанымен, бағаның жалпы деңгейі қарапайым халық үшін әлі де жоғары күйінде қалып отыр. Сарапшылардың пікірінше, инфляцияның бәсеңдеуі азық-түлік өнімдерінің арзандағанын білдірмейді. Керісінше, өнім бағасы бұрынғы қалыптасқан жоғары деңгейінде сақталып, тек оның әрі қарай өсу қарқыны ғана бәсеңдеген. Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, өңірлерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қорларын толықтыру, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін жиі өткізу және тұрақтандыру қорлары арқылы нарыққа арзан өнім шығару жұмыстары қызу жалғасуда.

Дегенмен, экономистердің айтуынша, 2026 жылы азық-түлік нарығында күрт қымбаттау байқалмағанымен, бағаның толық тұрақтанғанын айтуға әлі ерте. Бұған өндіріс шығындарының артуы, жем-шөп пен жанармай бағасының өсуі, логистикалық қиындықтардың қымбаттауы және маусымдық сұраныстың құбылуы тікелей әсер етуде. Сондықтан Үкіметтің негізгі мақсаты – азық-түлік бағасының негізсіз өсуіне жол бермей, ішкі нарықтағы отандық ұсынысты арттыру арқылы бағаны тұрақты деңгейде ұстап тұру. Алайда, атқарылып жатқан шараларға қарамастан, халық арасында азық-түлік бағасының қымбаттығына қатысты алаңдаушылық пен үрей әлі де сейілер емес.

Биылғы жылы азық-түлік бағасының күрт өсуі байқалмағанымен, қалыптасқан баға деңгейі бұрынғыдан әлдеқайда жоғары екені жасырын емес. Үкімет инфляцияны тежеу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы кешенді жұмыстарын жалғастыру үстінде. Алайда, халықтың нақты табысының өсу қарқыны азық-түлік бағасының бұл өзгерісімен қатар жүрмегендіктен, тұрғындардың сатып алу қабілетін арттыру мәселесі әлі де күн тәртібіндегі ең өзекті тақырып болып қала бермек.

Иә, біз де нарықтағы азық-түліктің бүгінгі шынайы бағасын өз көзімізбен бағамдау үшін сәске түсте аудан орталығындағы «Абай-Жапар» және «Дарабоз» базарларына арнайыат басын бұрған едік. Байқағанымыз, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, базар ішінде адам өте көп. Тіпті, қалың нөпірден аяқ алып жүру мүмкін емес. Нәзік лириканың патшасы Фариза Оңғарсынованың өлең жолдарымен айтар болсақ, «Базар іші – дуылдап тұр». Қайнаған қызу сауда. Бірі – күнделікті азық-түлік іздесе, енді бірі – жазғы маусымдық жеміс-жидек пен салқын су сатып әуре.

Осы ретте базар аралап жүрген тұрғындардың да пікірін тыңдаған едік. – «Міне, 5 литрлік «Маслозавод» күнбағыс майын 4520 теңгеге, бір дана жұмыртқаны 55 теңгеден алып тұрмын. Мына қасымдағы немерем балмұздақ жегісі келгесін, бір түйірін 400 теңгеге әрең сатып алдым. Осыдан бір-екі жыл мұндай балмұздақтарды 150 теңгеге алушы едік қой. Не деген сұмдық, барлық нәрсе қымбаттап кеткен! Мына бір жапырақ нанның бағасының өзі 180 теңге болып тұр. Рас, кейінгі кезде мұғалімдердің айлығы өскенімен, көптеген басқа салаларда жалақыда айтарлықтай өсім байқалмайды. Сондықтан жеке кәсіп иелері тек өз пайдасын ғана ойламай, қарапайым халықтың да әлеуметтік жағдайын ескергені дұрыс болар еді», – дейді күйінішін жасыра алмаған Қайназар ауылының тұрғыны Лаура Хасенова.

Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметіне сүйенсек, 2026 жылы азық-түлік нарығында бағаның өсу қарқыны өткен жылдармен салыстырғанда біршама баяулағанымен, негізгі тұтыну тауарларының бағасы әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Маусым айындағы соңғы деректер бойынша, азық-түлік тауарларының жылдық инфляциясы 10,4%-ды құрады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің ішінде сиыр еті, қой еті, сары май, ірімшік пен сүзбе, сондай-ақ кейбір сүт өнімдерінің бағасы айтарлықтай жоғары күйінде сақталып тұрғандығы анықталды. Маусымдық көкөністердің бағасы жаз айларының келуімен біршама арзандағанымен, ет және сүт өнімдері, ұн мен қант сияқты күнделікті тұтынатын негізгі тауарлардың құны халықтың отбасылық шығынына әлі де елеулі салмақ түсіруде.

Біздегі «Абай-Жапар» базарындағы көкөніс бағаларының жай-күйіне келсек, картоптың көтерме саудадағы құны 250 теңгені, ал бөлшек саудада, яғни дүкендерде 290 теңгені құрап отыр. Бұдан бөлек, сәбіздің базардағы бағасы 300-320 теңге болса, дүкендегі келісі 380 теңгеге бір-ақ шыққан. Ал 1 кг пияз базарда 130-160 теңге төңірегінде болса, дүкендерде 200 теңгеден тұрақты сатылуда. Сондай-ақ, күнделікті асқа қолданылатын 1 кг «Баракат» күрішінің бағасы – 420 теңге, жоғары сапалы «Лазер-Ташкент» күрішінің келісі – 1140 теңге болса, «Пәкістан» күрішінің бір келісі – 550 теңгені құрайды. Бұдан бөлек, 1 кг қарақұмық жармасының бағасы сапасына қарай 280-350 теңге аралығында. Ал жоғары сападағы «Алтын асық» ұнының 25 келілік бір қабы – 6600 теңге, «Айгерим» ұны – 6800 теңге, «Дани-нан» ұны – 11550 теңге, «Пионер» ұны – 9300 теңге, «Жейхун» ұны – 8900 теңге және халық көп алатын «Цесна» ұны – 8720 теңге болып бекітілген.

Қазақтың әрбір шаңырағы мен кең дастарқаны етсіз отырмайтыны баршаға мәлім. Алайда, бүгінде ет бағасын кез келген отбасының қалтасы көтере алмай отырғаны ащы да болса ақиқат. Нарықтағы бағаны саралап көрсек: жылқы етінің ең сүбелі әрі кәделі мүшелері саналатын дайын қазының бағасы – 4500-5500 теңге аралығында, ал жал мен жаясы – 4200-4800 теңгеден саудалануда. Әлі ішекке айналдырылып үлгермеген, бірақ майы қалың, құнарлы қабырғаның келісі 4000-4500 теңгені құрайды. Ал сиыр етінің бағасы 3900 теңгеге жетсе, қой етін базардан 4900 теңгеден төмен таба алмайсыз. Тұрғындар жиі тұтынатын дайын тартылған еттің (фарштың) келісі де 4200 теңгені құрап, қалтаны қағып тұр. Қарап отырсақ, соңғы жылдары Қазақстанның ет экспорты тұрақты өсім көрсетіп келеді. Үкіметтің мәліметінше, отандық мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті артып, алдағы жылдары ет экспортын 165 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар, 2026 жылдың алғашқы төрт айында елімізде 338,2 мың тонна ет өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай өсім байқалды. Алайда, сыртқа бағытталған экспорт көлемінің артуымен қатар, ішкі нарықтағы ет бағасының тым жоғары болуы қоғамда түрлі өткір пікірлер туғызуда. Сондықтан тәуелсіз сарапшылар экспортты ұлғайтумен бірге, ішкі нарықты қолжетімді бағамен әрі сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлу қажет екенін алға тартады.

Расымен де, мемлекет тарапынан мал шаруашылығын дамыту бағытындағы бағдарламалар аз емес және көпшілік оның игілігін көріп те жатыр. Әсіресе, ауыл шаруашылығы бойынша облыста алдыңғы орыннан көрініп жүрген біздің Жамбыл ауданында да ет бағасының қарапайым жұртшылықтың қалтасына әжептәуір салмақ салуы үлкен өкініш тудырады.

Осы мәселе төңірегінде ой бөліскен Алдаберген ақсақал: «Бізде ет өте қымбат. Бірақ мал басының көптігімен мақтануды ұмытпаймыз. Одан бөлек, қазір ауылдағы шаруаларға жақсы жағдай жасалып отыр. Мемлекет тарапынан мал аламын, одан пайда көремін, кәсіп көзін табамын деген талапты жанды ешкім құралақан қалдырып жатқан жоқ. Оны ашық мойындауымыз керек. Алайда, осының бәрін бере отырып, ішкі базардағы бағаны да қатаң бақылауда ұстаған абзал», – деген пікір білдірді. Ақсақалдың бұл ойын базарда ет сататын сатушылардың өздері де іштей қолдайды. Ал кейбір саудагерлер қымбатшылыққа өздерінің ешқандай қатысы жоқтығын айтып ақталуда. Олар сатылған еттің әр келісінен көретін таза пайдаларының тиын-тебен ғана екенін алға тартады.

Базардағы қасапшы Е.Нұржігітов те бұл жағдайдың ішкі сырын былай түсіндірді: «Ет бағасының үздіксіз өсуіне жол шығынының көбеюі, жем-шөп пен жанармай құнының қымбаттауы тікелей әсер етіп отыр. Мен ауылда мал бордақылап, оны аудан орталығындағы сауда орындарына немесе Алматыдағы «Алтын орда» базарына апарып өткіземін. Сиыр етінің келісін саудагерлерге 3 000-3 500 теңгеден өткіземін, бұл – көтерме баға. Малды салмағын өлшеп, тұтастай сатамыз. Мәселен, қазір базарда тайлар 700 000-900 000 теңге, байталдар 900 000-1 200 000 теңге, ал жақсы қоңды жылқылардың бағасы 1,3-1,6 миллион теңгеге дейін жетеді. Сатып алушылар бізді бағаны қолдан өсіріп жібердіңдер деп жиі кінәлайды. Бірақ қазір мал бағып, оны баптау оңай шаруа емес. Жем-шөптің бір тоннасы 120-180 мың теңгеге дейін қымбаттады. Бұған қоса, малды тасымалдайтын көліктің шығыны, жанармай бағасы, ветеринарлық қызмет пен зертханалық анықтамалар да үлкен қосымша шығынды талап етеді. Осындай қысылтаяң жағдайда бізге де өнімді бұрынғы арзан бағамен сату мүмкін болмай отыр».

Десе де, бұл тұрғыда қарапайым халықтың да айтар назы мен өкпесі аз емес. Айталық, Жаңақұрылыс ауылының тұрғыны А.Сағатқызы: «Шыны керек, қазіргі таңда тапқан жалақымыздың едәуір бөлігі тек азық-түлікке, соның ішінде ет өнімдеріне жұмсалады. Қалтамызға қарай көбіне сиыр етін алуға тырысамыз. Бұрын 20-25 мың теңгеге біршама тәуір ет алуға болатын еді. Ал қазір дәл сондай көлемдегі етке кем дегенде 35-45 мың теңге жұмсауға мәжбүрсің. Егер отбасымызбен ай сайын жіліктеп ет алатын болсақ, оған айына 80-100 мың теңгеге жуық қаражатымыз кетеді. Қазақпыз ғой, дастарқанда ет болмаса көңіліміз көншімейді, ас батпайды. Шығынды сәл де болса үнемдеу үшін кейде тауық етін де аламыз. Бірақ оның да келісі бүгінде 1 700-2 200 теңге шамасына жетіп жығылады. Расында, күн сайын бәрі қымбаттап жатқан мына заманда бұрынғы бағамен сауда жасау мүлдем қиын болып тұр», – дейді.

Ақиқатында, баға бағамын еркін нарықтың өзі реттейді десек те, бүгінде баға бас бермес асаудың күйін кешуде. Ай емес, тіпті апта бұрынғы бағаның өзі бүгін құбылып, өсіп шыға келеді. Қарапайым халық, әлбетте, бұл үшін базарда тұрған саудагерлерді кінәлайды. Дейтұрғанмен, «Өзімізде шығатын отандық өнімдерге доллардың қандай қатысы бар?» деген заңды сауал әрбір тұтынушының көкейінде тұрады. Сайып келгенде, нарықтың қатал талабы өз алдына, адами ынсап пен қанағатты ұмыту да өзіміз өмір сүрген ортада осындай жасанды мәселелердің туындауына әкеліп жатыр. Өзінің қиналмауын тілейтін әрбір жан өзге бауырларының да жай-күйін дәл өзіндей қабылдап, ынсап қылса, әлеуметтік хал-күйіміз де кері кетпесі анық еді. Базардың бағасын бағамдай келе, көкейге осындай маңызды ой түйдік.

Арнайы сараптап көрген тауарлар мен өнімдер – тұтынушылардың күнделікті өмірде ең көп қолданатын бірінші кезектегі азық-түлігі. Нарық бағамының бұлайша үздіксіз құбылуы тұрғындардың ертеңгі күнге деген сеніміне селкеу түсіріп, алаңдататыны әбден түсінікті. Осы күрделі мәселеге байланысты Үкімет тарапы баға тұрақтылығы қатаң бақылауға алынады деп үнемі мінберлерден мәлімдеп келеді. Ендеше, уәденің орындалуын күтіп, әліптің артын бағып көрейік, ардақты ағайын!

Бетті әзірлеген бас редактор: Әйгерім ӘБУ
АТАМЕКЕН

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәртебесі мен оларды пайдалану тәртібі Конституциямен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңмен және Үкіметтің өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібін жетілдіру және оларға деген құрметті нығайту мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі Үкіметтің Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны және олардың бейнелерін, сондай-ақ Мемлекеттік Гимн мәтінін пайдалану, орнату және орналастыру қағидаларын бекітетін қаулысына өзгерістер енгізді.

Енгізілген өзгерістердің бірі терминологияны біріздендіруге бағытталған. Бұдан былай нормативтік құқықтық актілерде «Гимн» атауының орнына «Әнұран» атауы қолданылады.

Сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың Мемлекеттік Туды орналастыру тәртібі нақтыланды. Енді Туды ғимараттарға, оның ішінде балкондарға да 45 градус бұрышпен ілуге болады. Бұл норма 2020 жылдан бері заңнамада болғанымен, балконға орналастыру тәртібі осы уақытқа дейін нақты айқындалмаған еді.

Қағидаларға Мемлекеттік Туды пайдалануға қатысты бірқатар талаптар да енгізілді. Жеке тұрғын үйлерде Ту жерден кемінде үш метр биіктікте орнатылуы керек. Енді түнгі жарықтандыру талабы алынып тасталды. Ал егер ғимараттың сәулеттік немесе техникалық ерекшеліктеріне байланысты Туды қасбетке орналастыру мүмкін болмаса, оны үй аумағындағы жеке ту тұғырына (флагштокқа) орнатуға болады.

Мемлекеттік Ту жерге, еденге, суға немесе өзге де заттардың бетіне тимеуі тиіс. Ту тік орналастырылған жағдайда ұлттық өрнек матаның жоғарғы жағында болуы қажет. Сондай-ақ Мемлекеттік Туды егер олар коммерциялық мақсат көздемесе, жеке және заңды тұлғалар ұйымдастыратын мәдени, спорттық, қоғамдық және өзге де іс-шараларда пайдалануға болады.

Ту ұлттық стандартқа толық сәйкес болуы тиіс. Өңі кеткен, жыртылған, кірлеген немесе өзге де зақымдары бар Мемлекеттік Туды пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ мемлекеттік рәміздер туралы заңнама талаптары сақталған жағдайда Мемлекеттік Туды көлік салонында пайдалануға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік Туды әдейі бүлдіруге, жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға, мақсатқа сай емес қолдануға және оның мемлекеттік рәміз ретіндегі қадір-қасиеті мен мәртебесіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке жол берілмейді.

Қағидаларда Мемлекеттік Туды жарнамалық мақсатта пайдалануға, сондай-ақ оны киім-кешек, төсек-орын жабдықтары, перде, дастарқан, төсеніш және тұрмыстық мақсаттағы өзге де бұйымдарға орналастыруға тыйым салынған. Бұл талап мемлекеттік рәміздің бейнесін күнделікті тұрмыста орынсыз пайдаланудың алдын алып, оған деген құрметті сақтауға бағытталған.

Сонымен бірге енгізілген өзгерістерге сәйкес, Мемлекеттік Тудың бейнесін спортшылардың киімі мен жабдықтарында қолдануға рұқсат етілді. Бұған дейін заңнамада спорттық киімде тек Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесін орналастыруға ғана мүмкіндік берілсе, енді бұл құқық Мемлекеттік Тудың бейнесіне де қолданылатын болды.

Спорттық киім мен жабдықтарға футболкалар, спорттық костюмдер, бейсболкалар, кепкалар және спортшылар пайдаланатын өзге де киім үлгілері жатады.

Енгізілген өзгерістер мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібін біріздендіруге, оларға деген құрметті арттыруға және азаматтар, ұйымдар, спортшылар мен кәсіпкерлер үшін ортақ талаптарды айқындауға мүмкіндік береді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

Статус и порядок использования государственных символов Республики Казахстан закреплены Конституцией, Конституционным законом «О государственных символах Республики Казахстан», а также нормативными правовыми актами Правительства.

В целях укрепления патриотизма, казахстанской идентичности и уважительного отношения к государственным символам Министерством культуры и информации внесены изменения в постановление Правительства Республики Казахстан, которым утверждены правила использования, установки и размещения Государственного Флага, Государственного Герба и их изображений, а также текста Государственного Гимна.

Одно из изменений касается терминологии. В нормативных документах слово «Гимн» заменено на «Әнұран».

Также уточнен порядок размещения Государственного Флага физическими и юридическими лицами. Теперь флаг можно размещать на зданиях, в том числе на балконах, под углом 45 градусов. Такое право было предусмотрено еще с 2020 года, однако ранее порядок размещения на балконах не был конкретизирован.

Кроме того, установлены дополнительные требования к использованию Государственного Флага. На частных жилых домах он должен размещаться на высоте не менее трех метров. При этом в темное время суток обязательная подсветка не требуется. Если из-за архитектурных или технических особенностей здания разместить флаг на фасаде невозможно, его допускается установить на отдельном флагштоке на прилегающей территории.

Государственный Флаг не должен касаться земли, пола, поверхности воды или иных поверхностей. При вертикальном размещении национальный орнамент должен находиться в верхней части полотнища. Флаг также может использоваться во время культурных, спортивных, общественных и иных мероприятий, проводимых физическими и юридическими лицами, при условии отсутствия коммерческой цели.

Особое внимание уделено надлежащему состоянию Государственного Флага. Он не должен иметь повреждений, следов износа, заплат, отверстий, загрязнений, выцветания, складок и других дефектов, которые могут снижать его достоинство и символическое значение. Допускается также использование флага в салонах транспортных средств при соблюдении требований законодательства о государственных символах.

При этом запрещаются умышленное повреждение, уничтожение, сжигание, разрывание, бросание флага на землю, использование не по назначению, а также любые действия, умаляющие его достоинство и значение как государственного символа.

Отдельно закреплен запрет на использование Государственного Флага в рекламных целях, а также в качестве предметов одежды, постельного белья, штор, скатертей, ковриков и иных покрытий. Данная норма направлена на недопущение случаев, когда изображение флага используется на товарах или предметах бытового назначения, что может снижать уважительное отношение к государственному символу.

Вместе с тем внесенные изменения разрешают использовать изображение Государственного Флага на спортивной одежде и экипировке спортсменов. Ранее законодательство предусматривало возможность размещения на спортивной форме только изображения Государственного Герба. Теперь такое право распространяется и на изображение Государственного Флага.

К спортивной одежде и экипировке относятся футболки, спортивные костюмы, бейсболки, кепки и другие элементы формы спортсменов.

Внесенные изменения направлены на упорядочение практики использования государственных символов, повышение уважения к ним и создание понятных правил для граждан, организаций, спортсменов и предпринимателей.

Пресс-служба Министерства культуры и информации РК

Жастардың мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған бастама

Алматы облысының Жастар ресурстық орталығының бастамасымен өңір жастары арасында «Жастарға ақпарат» жобасы аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуда. Жобаның негізгі мақсаты – жастарды мемлекеттік қолдау шараларымен, әлеуметтік бағдарламалармен және олардың жеке дамуына арналған мүмкіндіктермен таныстыру, сондай-ақ құқықтық және ақпараттық сауаттылық деңгейін арттыру.

Кездесулер барысында жастарға мемлекеттік бағдарламаларға қатысу тетіктері, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үйге қолжеткізу, білім беру гранттары, жастар тәжірибесі, еріктілік қызметі, жастар ұйымдарының жұмысы және мемлекеттік қолдау құралдары жөнінде жан-жақты ақпарат ұсынылады. Сонымен қатар қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, тиісті сала мамандарынан кеңес алу мүмкіндігіне ие болады.

Жоба аясындағы түсіндіру жұмыстары жастар көп шоғырланған білім беру ұйымдарында, еңбек ұжымдарында және елді мекендерде өткізіліп, мемлекеттік бағдарламалардың қолжетімділігі мен тиімділігі түсіндіріледі. Мұндай кездесулер жастардың мемлекеттік қолдау тетіктері туралы хабардарлығын арттырып, олардың әлеуметтік және кәсіби белсенділігін күшейтуге бағытталған.

Бүгінде жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты Жастар ресурстық орталықтары жас азаматтарға ақпараттық-консультациялық көмек көрсетіп қана қоймай, олардың бастамаларын қолдау, қоғамдық өмірге тарту және кәсіби әлеуетін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл қызмет Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы мен Жастар ресурстық орталықтарының үлгілік ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Жастарға ақпарат» жобасы жастардың мемлекеттік бағдарламалар туралы нақты әрі сенімді ақпарат алуына мүмкіндік береді. Әсіресе жастар тәжірибесі, «Дипломмен – ауылға», кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары, жұмыспен қамту шаралары, гранттық қаржыландыру, волонтерлік қызмет және азаматтық бастамаларды қолдау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары ерекше назарға алынған.

Соңғы жылдары Алматы облысында жастар инфрақұрылымын дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Өңірдің бірнеше ауданында жаңа Жастар ресурстық орталықтары ашылып, олардың базасында мансаптық кеңес беру, психологиялық және құқықтық көмек көрсету, қаржылық сауаттылықты арттыру, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру сияқты кешенді қызметтер ұйымдастырылған. Бұл жұмыстар жастардың әлеуетін дамытуға және NEET санатындағы жастардың санын азайтуға оң әсерін тигізуде.

Мамандардың айтуынша, ақпараттық-түсіндіру кездесулері алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасады. Бұл жастардың мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалануына, жаңа мүмкіндіктерді дер кезінде білуіне және қоғам өміріне белсенді араласуына ықпал етеді.

«Жастарға ақпарат» жобасы – жастардың болашағына бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Мемлекет ұсынып отырған мүмкіндіктерді кеңінен насихаттау арқылы жас буынның білім алуға, еңбек етуге, кәсіп бастауға және қоғамдық белсенділігін арттыруға жол ашылады.

«Атамекен-ақпарат»

ЖаSTAR алаңы

Мамандық таңдау – маңызды шешім

Бүгінде көптеген жастар мамандық таңдауда қиындыққа тап болып жатады. Бұл әрі ата-ананың көңілін аулау, әрі жақсы жалақысы бар салаларды таңдау мәселесімен байланысты. Алайда шын мәнінде мамандық таңдау – адамның өз қызығушылығы мен жүрегіне жақын келетін жолды табу.

Мамандық таңдауда ең алдымен адамның өз қызығушылығы мен қабілеті ескерілуі тиіс. Себебі өз ісін жақсы көріп, одан ләззат алатын адам ғана өз мамандығында жетістікке жете алады. Егер адам мамандықты өзінің қалауы бойынша емес, ата-анасының немесе қоғамның ықпалымен таңдаса, уақыт өте келе жұмысынан жалығып, кәсіби дамуы тежелуі мүмкін. Сондықтан әр адам болашақ мамандығын таңдағанда тек жалақы мен беделге ғана емес, өзінің ішкі қызығушылығына да мән беруі қажет.

Сонымен қатар мамандық таңдауда еңбек нарығындағы сұранысты да назардан тыс қалдырмаған жөн. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар, медицина, білім беру және журналистика сияқты салаларға сұраныс жоғары. Сондықтан біз – түлектер өз қызығушылықтарымызбен қатар қоғам қажеттілігін ескергеніміз дұрыс.

Қорыта айтқанда, мамандық таңдау – өмірдегі ең маңызды шешімдердің бірі. Сондықтан әрбір жас өз қабілетін танып, болашағына саналы түрде қадам жасауы қажет. Барша талапкерлерге дұрыс таңдау жасап, армандаған мамандығына түсуіне тілектеспін. Болашақтарыңыз жарқын, таңдаған жолдарыңыз табысты болсын!

Асылым ШАВКАТҚЫЗЫ,
Ұзынағаш орта мектебінің
11 «Ә» сынып оқушысы.

Мұражайдағы маңызды іс-шара

«Тазалық – мәдениеттің айнасы» дейді дана халқымыз. Бұл қағида бүгінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бастамасы аясында кеңінен көрініс тауып, қоғамда тазалық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға серпін беріп келеді.

Жамбыл музейінің ұжымы да осы игі бастаманы күнделікті жұмысымен ұштастырып келеді. Мұнда тазалық бір реттік акция емес, қалыптасқан өмір салтына, еңбек мәдениетіне айналған. Әрбір жұмыс күні музей аумағын ретке келтіруден басталады. Аула сыпырылып, гүлзарлар мен жасыл желек күтіп-бапталады, айнала мұнтаздай таза ұсталады. Себебі музей – өткен мен бүгінді жалғайтын, ұлт руханиятының құндылықтарын дәріптейтін киелі мекен.

Жамбылдың асыл мұрасын қастерлеген ұжым музейдің ішкі мәдениеті мен сыртқы келбетіне де үлкен жауапкершілікпен қарайды. Таза да көрікті орта келушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, туған жерге деген құрмет пен табиғатқа жанашырлықтың жарқын үлгісін көрсетеді.

«Таза Қазақстан» бастамасының басты мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес, қоғамда экологиялық сана мен ортақ жауапкершілікті нығайту. Осы мақсат жолында Жамбыл музейінің қызметкерлері ұйымшылдық пен еңбекқорлықтың үлгісін көрсетіп, тазалықты күнделікті дағдыға айналдырған.

Тазалық – туған жерге деген сүйіспеншіліктің, мәдениетті қоғамның және ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің айқын белгісі. Жамбыл музейінде қалыптасқан бұл игі дәстүр алдағы уақытта да жалғасын тауып, «Таза Қазақстан» акциясын насихаттауға өз үлесін қоса береді.

Айгерім МОЛДАСАДЫҚ.
Жамбыл атындағы әдеби-мемориалды
музейінің қызметкері.

«Таза Қазақстан» – заң мен тәртіпке негізделген қоғамдық мәдениет

9 шілде күні Жамбыл ауданында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еріктілер, қоғамдық ұйым өкілдері және аудан тұрғындары қатысып, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосты.

Сенбілікке 332 мемлекеттік мекеме қызметкері, 320 ерікті және 1 813 тұрғын қатысып, жалпы 2 465 адам жұмылдырылды. Тазалық жұмыстары барысында 58 тонна тұрмыстық қалдық шығарылып, 22 гектар аумақ тазартылды. Бұл жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін 27 арнайы техника тартылды.

«Таза Қазақстан» – бұл қоршаған ортаны тазартуға бағытталған науқан ғана емес. Бұл әрбір азаматтың туған жеріне деген жанашырлығын арттыратын, қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын және экологиялық мәдениетті орнықтыратын маңызды жалпыұлттық бастама. Таза көше, таза аула, абаттандырылған қоғамдық кеңістік – қоғамдағы тәртіп пен ұйымшылдықтың айқын көрсеткіші.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидаты аясында қоршаған ортаның тазалығын сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, қалдықтарды белгіленген орындарға тастау, табиғатқа ұқыпты қарау – құқықтық мәдениеттің және азаматтық жауапкершіліктің маңызды көрінісі.

Осыған байланысты «Таза Қазақстан» акциясы аясында санитарлық тазалық талаптарының сақталуына ерекше назар аударылады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, ауылдық округ әкімдері өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға құқылы. Бұл өкілеттік Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 729-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Сондықтан елді мекендердің тазалығын сақтау – тек азаматтық

парыз ғана емес, заң талаптарын орындаудың да маңызды бөлігі.

Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімі аудан тұрғындарын, жастарды, кәсіпкерлерді, қоғамдық ұйымдарды және барлық еңбек ұжымдарын «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысуға шақырады. Туған жердің тазалығы әрқайсымыздан басталады. Әрбір тазаланған аула, әрбір жиналған қоқыс, әрбір көркейтілген көше – болашақ ұрпақ үшін жасалған игі іс.

Тазалық мәдениеті күнделікті өмір салтына айналғанда ғана біз көрікті, жайлы әрі қауіпсіз елді мекен қалыптастыра аламыз. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, қоғамда заңға құрметті, тәртіп пен жауапкершілік мәдениетін нығайтудың маңызды жолы.

«Таза Қазақстан» – бір күндік акция емес, бұл – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымы. Туған жеріміздің тазалығы мен көркеюіне бірге үлес қосайық!

А.МЕДЕУОВА,
Жамбыл аудандық
ішкі саясат бөлімінің басшысы.

QR-ды сканерлеп, саулнамаға өт:
"АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ НЕ ҚАЖЕТ?"



Республикалық Құрылтай сайлауы

Жамбыл ауданының дауыс беретін учаскелерінің шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағына, 17-бабы 2-тармағына, 23-бабы 5-тармағына, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі № 1338 Жарлығына, «2026 жылғы сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Жамбыл ауданы бойынша дауыс беру учаскелерінің шекаралары, сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз.

Жамбыл ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі № 47, аудандық қаржы бөлімінің ғимараты. Байланыс телефоны: 8(72770) 24108.

Комиссия төрағасы – Қарымбаев Жақсылық Сұлтанұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Кадырова Ақгүл Қанатқызы;

Комиссия хатшысы – Керімбаева Айнұр Бекетқызы;

Комиссия мүшелері – Кенженбаева Айман Өтенбайқызы, Солтанбаева Сандуғаш Серікқызы, Әлғожа Ерұлан Төлегенұлы, Солощенко Татьяна Анатольевна.

№ 262 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Алтыбақан көшесі № 59, мектеп гимназия №1.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Жандыбаев, Қастек батыр, Кечиөрен, Алтыбақан, Майтөбе, Белтоған, Медеу, Шымбұлақ, Кенесары хан.

Комиссия төрағасы – Бухатова Гульфайруз Советқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Медетбаев Еркін Жұмабекұлы;

Комиссия хатшысы – Күзембаева Назгүл Арқабайқызы;

Комиссия мүшелері – Мұқамет Үмітнұр, Тілеу Ерханат, Хибадат Гүлнұр, Әділжан Жансая Маратқызы.

№ 263 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Дүйсенбиев көшесі № 27, Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп жанындағы интернат

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Қонаев, Жастар, Сайлыбаев, Зикринов, Сүйінбай № 1-ден 27-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 76-ға дейін (жұп жағы), Боранбаев № 89 "А", № 2-ден 22 "А"-ға дейін (жұп жағы), Дүйсенбиев № 1-ден 97-ге дейін (тақ жағы), № 133-тен 169-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 20-ға дейін (жұп жағы), № 100-ден 144-ке дейін (жұп жағы), Наурызбай батыр № 59-дан 243-ке дейін (тақ жағы), № 62-ден 244-ке дейін (жұп жағы), Сұраншы батыр № 47-ден 341"А"-ға дейін (тақ жағы), № 64-тен 276-ға дейін (жұп жағы), Мақатаев № 217-ден 507-ге дейін (тақ жағы), № 166-дан 538-ге дейін (жұп жағы), Шалқар № 19-дан 79-ға дейін (тақ жағы), № 20-дан 80-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Базарқұлова Гүлмира Алманханқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Рахимова Әлия Нұрғалқызы;

Комиссия хатшысы – Доумшариева Ұлжан Есенқызы;

Комиссия мүшелері – Туксанбаева Жадыра Імбекқызы, Керімқұлова Гүлнұр Бауыржанқызы, Байгабулова Шолпан Шерханқызы, Спанова Мадина Сабыртайқызы, Мәсімханова Құндыз Қанатқызы, Ушурова Санам Рафикжановна.

№ 264 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Дүйсенбиев көшесі № 27, Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп жанындағы интернат.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Алтынғасыр, Байқоңыр, Атамекен, Бәйтерек, Отан, Шаңырақ, Ақжар, Баспана, Бұғыбаев, Көкбастау, Белдібаев, Ақбарыс, Көкқайнар, Бәйдібек би № 221-ден 337-ге дейін (тақ жағы), № 278-ден 326-ға дейін (жұп жағы), Сүйінбай № 29-дан 57-ге дейін (тақ жағы), № 78-ден 80-ге дейін (жұп жағы), Қараш батыр № 175-тен 301-ге дейін (тақ жағы), № 184-тен 302-ге дейін (жұп жағы), Шалқар № 1-ден 17-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 18-ге дейін (жұп жағы), Сәтпаев № 183-тен 309-ға дейін (тақ жағы), № 114-тен 346 "А"-ға дейін (жұп жағы), Боранбаев № 1-ден 35 "Б"-ға дейін (тақ жағы), № 24-тен 90-ға дейін (жұп жағы), Дүйсенбиев № 99-дан 131-ге дейін (тақ жағы), № 22-ден 98-ге дейін (жұп жағы), Нүкетаев № 47.

Комиссия төрағасы – Даумбекова Гүлжан Рахымбекқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Бекболатова Айым Аскарқызы;

Комиссия хатшысы – Асемхан Медине;

Комиссия мүшелері – Жиренбаева Бағлан Бейсебайқызы, Ұлықман Әлия, Тынышбек Берік Қожайбекұлы, Қаржау Аңсағаным Қанатқызы, Бекжан Жадыра Елтайқызы, Ақпанбек Фархат Асадоллаұлы.

№ 265 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Алтыбақан көшесі № 59, мектеп гимназия №1,

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Жартас, Жеңіс, Үшқоңыр, Суықтөбе, Тау самалы, Жаңақұрылыс, Алмалыбақ, Парасат, Жалын, Достық, Аққайнар, Саурық батыр № 160-тен 321-ге дейін, Райымбек батыр № 125-тен 155-ке дейін (тақ жағы), № 156-дан 198д-ға дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Абдрахимов Төлеген Әділханұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Серікова Шынар Құрманқызы;

Комиссия хатшысы – Бейбіт Зульфира Үрістемғәліқызы;

Комиссия мүшелері – Альжанова Даяна Сабметқызы, Тавсир Құдайберген Рахманбекұлы, Куанышбаева Жұлдыз Амангелдіқызы, Мамбаева Айгүл Түкенқызы, Алданова Айгүл Сейсенбайқызы, Мәдіғұл Диана Оразханқызы.

№ 266 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі № 2, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Әубәкіров, Спиваков, Бәйдібек би № 183-тен 219-ға дейін (тақ жағы), № 216-дан 276-ға дейін (жұп жағы), Қараш батыр № 133-тен 173-ке дейін (тақ жағы), № 136-дан 182-ге дейін (жұп жағы), Сәтпаев № 135-тен 181-ге дейін (тақ жағы), № 70-тен 112-ге дейін (жұп жағы), Мақатаев № 167-ден 215а-ға дейін (тақ жағы), № 126-дан 164-ке дейін (жұп жағы), Наурызбай батыр № 23-тен 57 "Б"-ға дейін (тақ жағы), № 26-дан 60-қа дейін (жұп жағы), Саурық батыр № 120-ден 159-ға дейін, Тоққұлов № 1-ден 17 "Б"-ға дейін (тақ жағы), Сұраншы батыр № 1-ден 45-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 62-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Әубәкірова Аружан Маратқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Тогторхан Елдос;

Комиссия хатшысы – Есіркепова Әйгерім Үсенқызы;

Комиссия мүшелері – Қаскарауова Бақыт Еркімбайқызы, Жетібай Гүлназ Аятқызы, Жұматаев Нұрлан Жораханұлы, Идирисова Гүлнар Мұқашқызы.

№ 267 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі № 2, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Рысқұлов, Мажитов, Ақжайық, Батыс, Мектеп, Көктал, Жетісу, Алматы, Жаңаарық, Алмалы, Қызыр ата, Аңырақай, Тұсаукесер, Бәйдібек би № 153-тен 181-ге дейін (тақ жағы), № 172-ден 214-ке дейін (жұп жағы), Қараш батыр № 101-ден 131-ге дейін (тақ жағы), № 114-тен 134-ке дейін (жұп жағы), Сәтпаев № 125-тен 133-ке дейін (тақ жағы), Мақатаев № 99-дан 165-ке дейін (тақ жағы), № 102-ден 124 "А"-ға дейін (жұп жағы), Наурызбай батыр № 1-ден 21-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 24-ке дейін (жұп жағы), Бабажанов № 145 "А"-дан 175-ке дейін (тақ жағы), № 136-дан 158-ге дейін (жұп жағы), Райымбек батыр № 95-тен 123-ке дейін (тақ жағы), № 132-ден 154-ке дейін (жұп жағы), Саурық батыр № 1-ден 119-ға дейін, Тоққұлов № 19-дан 309-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 16-ға дейін (жұп жағы), № 176-дан 304-ке дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Аккулиева Ақмарал Даниярқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Өміртай Кармен Өміртайқызы;

Комиссия хатшысы – Дүйсенова Сәуле Мырзақызы;

Комиссия мүшелері – Әлімжанов Санжар Викторвич, Тұрғанбек Айтолқын Сұлтанқызы, Жамбылов Бейбарыс, Джумаева Самал Аманкелдіқызы, Кембаева Ақмарал Ерікқызы, Сейсен Самғар.

№ 268 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі № 107, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Рысқұлов, Мажитов, Ақжайық, Батыс, Мектеп, Көктал, Жетісу, Алматы, Жаңаарық, Алмалы, Қызыр ата, Аңырақай, Тұсаукесер, Бәйдібек би № 153-тен 181-ге дейін (тақ жағы), № 172-ден 214-ке дейін (жұп жағы), Қараш батыр № 101-ден 131-ге дейін (тақ жағы), № 114-тен 134-ке дейін (жұп жағы), Сәтпаев № 125-тен 133-ке дейін (тақ жағы), Мақатаев № 99-дан 165-ке дейін (тақ жағы), № 102-ден 124 "А"-ға дейін (жұп жағы), Наурызбай батыр № 1-ден 21-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 24-ке дейін (жұп жағы), Бабажанов № 145 "А"-дан 175-ке дейін (тақ жағы), № 136-дан 158-ге дейін (жұп жағы), Райымбек батыр № 95-тен 123-ке дейін (тақ жағы), № 132-ден 154-ке дейін (жұп жағы), Саурық батыр № 1-ден 119-ға дейін, Тоққұлов № 19-дан 309-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 16-ға дейін (жұп жағы), № 176-дан 304-ке дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Күшенова Тұйғынай Рахымбайқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Бектұрғанова Шынар Молдаханқызы;

Комиссия хатшысы – Мұсағожанова Шырын Бауберікқызы.

Комиссия мүшелері – Рахимбаева Ақмарал Бауберікқызы, Бердхан Айбек Бердханұлы, Кадралиева Гүлмира Шапенқызы, Құралбаева Шынар Жораханқызы, Смайлова Гүлнәр Алмабекқызы, Тұрымбетова Сандуғаш Боранбайқызы.

№ 269 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі № 107, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Домалақ ене № 1-ден 55-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 68-ге дейін (жұп жағы), Әуезов № 1-ден 19 "Е"-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 56-ға дейін (жұп жағы), Қазыбек бек № 1-ден 7-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 8-ге дейін (жұп жағы), Кәндеков № 1-ден 47-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 72-ға дейін (жұп жағы), Қараш батыр № 1-ден 31 "А"-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 42-ге дейін (жұп жағы), Сәтпаев № 1-ден 31 "А"-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 14 "А"-ға дейін (жұп жағы), Мақатаев № 1-ден 13-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 26-ға дейін (жұп жағы), Бабажанов № 1-ден 63-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 44а-ға дейін (жұп жағы), Райымбек батыр № 1-ден 55-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 58-ге дейін (жұп жағы), Тұрысбеков № 1, 2, 3, 4, 6.

Комиссия төрағасы – Жакенова Алтынжан Зейнекаримқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Бекмұрзаева Мадина Әбдіғұлқызы;

Комиссия хатшысы – Оспанбаева Әйгерім Дәулетқызы;

Комиссия мүшелері – Күшенова Алуа Нұрғалиқызы, Еркеш Манапұлы, Орысбаев Қамбар Самиуллаұлы, Жұмағалиұлы Абзал, Кенжеханова Жанара Қызырбекқызы, Жолдыбаева Қарлығаш Нұртайқызы.

№ 270 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Жандосов көшесі № 85, Абай атындағы гимназия мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Т.Бокин, Шөпбаев, Құстүтін, Қарасай батыр № 121-ден 283-ке дейін (тақ жағы), № 86-дан 108-ге дейін (жұп жағы), Жандосов № 53-тен 89-ға дейін (тақ жағы), № 30-дан 84-ке дейін (жұп жағы), Астана № 1-ден 7р-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 20-ға дейін (жұп жағы), Жамбыл № 1-ден 73-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 16-ға дейін (жұп жағы), Абай № 58-ден 78-ге дейін (жұп жағы), Бекболат № 31-ден 63-ке дейін (тақ жағы), № 40-тан 70-ке дейін (жұп жағы), Өтеген батыр № 81-ден 177 "А"-ға дейін (тақ жағы), № 80-нен 172-ге дейін (жұп жағы), Бәйдібек би № 51-ден 149-ға дейін (тақ жағы), № 72-ден 170-ке дейін (жұп жағы), Домалақ ене № 57-ден 71-ге дейін (тақ жағы), № 70-тен 84 "Б"-ға дейін (жұп жағы), Әуезов № 21-ден 35 "Б"-ға дейін (тақ жағы), № 58-ден 68-ге дейін (жұп жағы), Қазыбек бек № 9-дан 69-ға дейін (тақ жағы), № 10-нан 116-ға дейін (жұп жағы), Кәндеков № 49-дан 89-ға дейін (тақ жағы), № 74-тен 88-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Оңғарбаева Асем Ғазизқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Ысқақова Назира Есенбекқызы;

Комиссия хатшысы – Ершігешова Динара Кенжеханқызы;

Комиссия мүшелері – Темірбекова Гүлжамал Таңатханқызы, Әйтейбай Жандос Оразұлы, Нұрлан Ақат, Мәмбетқұл Тілеулес Нұрланұлы, Нұржан Әйгерім Нұржанқызы, Башпанова Меруерт Ережепбайқызы.

№ 271 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр көшесі № 6 "Г", Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Береке, Жерұйық, Қарасай батыр № 1-ден 119-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 84Б-ға дейін (жұп жағы), Жандосов № 1-ден 51-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 28-ге дейін (жұп жағы), Сарыбай би № 1-ден 73-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 60 "А"-ға дейін (жұп жағы), Молдағұлова № 1-ден 47 "Ю"-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 58 "Г"-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Хамыткожаева Лаура Жұманқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Сатыбаева Алмагүл Айтбайқызы;

Комиссия хатшысы – Қалтабаева Гүлвира Серікқызы;

Комиссия мүшелері – Қошанбеков Алмаз Сергазыұлы, Еңкелешова Мақпал Русланқызы, Бектібаева Фарида Амангелдіқызы, Сопакова Танаркүл Жұмақызы, Адай Алпен, Қыпшақбаев Жаңабай Еденбайұлы.

№ 272 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр көшесі, 6 "Г", Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Ынтымақ, Яссауи, Орталық, Шығыс, Сыпатай батыр, Бәйдібек би № 1-ден 49-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 70-ке дейін (жұп жағы), Өтеген батыр № 1-ден 79 "А"-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 78-ге дейін (жұп жағы), Бекболат № 1-ден 29-ға дейін (тақ жағы), № 2-ден 38-ге дейін (жұп жағы), Әзірбаев № 1-ден 51-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 54-ке дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Құрамысов Бахтияр Әукенұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Махмұт Мәди Әділетұлы;

Комиссия хатшысы – Чакеева Айман Байдібекқызы;

Комиссия мүшелері – Тілеубай Айдос Бердібекұлы, Абдилдаева Нарғыз Ғалымжанқызы, Сұраужанова Шынар Әбілқызы, Айжұлдыз Дәлелқызы, Ахметжанова Ақбота Жамбырбайқызы, Аманов Ерсін Берікбайұлы.

№ 273 сайлау учаскесі

Орталығы: Жаңақұрылыс ауылы, Ынтымақ көшесі № 22, Абдолла Қарсақбаев атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Жаңақұрылыс ауылы, көшелері: Желтоқсан, Наурыз, Қоныс той, Жастар, Астана, Достық, Зере ана, Айтұмар, Алтын бесік, Қасымхан, Басбатыр, Әл-Фараби, Ақ босаға, Алтын адам, Сұлусай, Тәуелсіздік № 1-ден 167-ге дейін (тақ жағы), № 22-ден 120-ға дейін (жұп жағы), Алатау № 23-тен 147-ге дейін (тақ жағы), № 22-ден 196-ға дейін (жұп жағы), Жаңа № 21 "Б"-дан 41а-ға дейін (тақ жағы), № 22-ден 38-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Жұбатыров Талғат Өмірзақұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Қожабаева Мақпал Қырықбайқызы;

Комиссия хатшысы – Оразалиева Анель Айдарбекқызы;

Комиссия мүшелері – Көбенова Асылхан Тасболатқызы, Наурызбаева Дамира Нұрахметқызы, Махамбетияр Шыңғысхан Мейрханұлы, Есенбаева Айжан Есімханқызы, Оразбек Жанар Оразбекқызы, Құсайынова Маржан Дәуітханқызы.

№ 274 сайлау учаскесі

Орталығы: Жаңақұрылыс ауылы, Ынтымақ көшесі № 22, Абдолла Қарсақбаев атындағы орта мектебі.

Шекарасы: Жаңақұрылыс ауылы, көшелері: Атажұрт, Ақорда, Суықтөбе, Тәуке хан, Ақшатыр, Құртқа тәуіп, Алғадай Жамбылов, Тілендиев, Ынтымақ, Белтоған, Көкбастау, Қажымұқан, Қозыбасы, Құмбел, Саурық батыр, Бесшам, Тәуелсіздік № 2-ден 20а-ға дейін (жұп жағы), Жаңа № 1-ден 21-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 20-ға дейін (жұп жағы), Әзірбаев № 53-тен 241-ге дейін (тақ жағы), № 56-дан 244-ке дейін (жұп жағы).

(Жалғасы 7-бетте)

Республикалық Құрылтай сайлауы

(Жалғасы. Басы 6-бетте)

Комиссия төрағасы – Шошабаева Балжан Сарсенқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Өмірзақ Мирас Талғатұлы;

Комиссия хатшысы – Нүсіпбекова Гүлнұр Әбутәліпқызы;

Комиссия мүшелері – Әмреева Дүйсегүл Мақанқызы, Садықова Нұркамал Тәңірбергенқызы, Жетпісбаева Гүлмира Болатқызы, Пірімжанов Баубек Әділханұлы.

№ 275 сайлау учаскесі

Орталығы: Жаңақұрылыс ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 1 "Г", «Айгөлек» бөбекжайы.

Шекарасы: Жаңақұрылыс ауылы, көшелері: Қанағат, Есімхан, Тыныбек Оңалбаев, Майбұлақ, Алатау № 1-ден 21а-ға дейін, Тоққұлов № 18-ден 174-ке дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Жүнісбекова Гүлбаршын Жексембайқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Исабаева Асем Әбдіхалықызы;

Комиссия хатшысы – Байжан Ақбота Мархабатқызы;

Комиссия мүшелері – Авезов Темірлан Махмұдұлы, Абдрахманова Гүлмира Шакірқызы.

№ 276 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Құмбел көшесі № 98, Ұзынағаш ауылындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ұзынағаш ауылы, көшелері: Сариев, Маметова, Ш.Уәлиханов, Елгезеров, Розыбакиев, Сарыбай би № 75-тен 101 "Б"-ға дейін (тақ жағы), № 62-ден 92-ге дейін (жұп жағы), Жамбыл № 75-тен 205-ке дейін (тақ жағы), № 18-ден 186-ға дейін (жұп жағы), Астана № 11-ден 97-ге дейін (тақ жағы), № 22-ден 82-ге дейін (жұп жағы).

Комиссия төрағасы – Альжан Асель Парахатқызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Шереханова Майя Кідірхожақызы;

Комиссия хатшысы – Мизамхан Гүлдана Асылбекқызы;

Комиссия мүшелері – Раимбаева Қуаныш Кауламбайқызы, Мұханов Айдар Төлепбергенұлы, Күшімбетова Лаура Маматәліқызы, Серік Сырым Бақытжанұлы.

№ 277 сайлау учаскесі

Орталығы: Ынтымақ ауылы, Жексенбиев көшесі № 10, Ынтымақ ауылындағы орта мектебі.

Шекарасы: Ынтымақ ауылы, көшелері: Абай, Б.Ахметжанқызы, Жамбыл, Жандосов, Жастар, Жексенбиев, Майбұлақ, Новая, О.Нүсіпұлы, Оспанов, Сұлубеков, Тоқшабай би.

Комиссия төрағасы – Надырбекова Қарлығаш Әлғожақызы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Әлиасқарова Роза Нұрталипқызы;

Комиссия хатшысы – Ысмайлова Назира Еркінбекқызы;

Комиссия мүшелері – Жиренбай Қуаныш Эдуардович, Иманғали Нұрсұлтан Қайратұлы, Нағашбай Сексенбек, Молдашева Динара Нұрболатқызы.

№ 278 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі № 29. Казақстан Республикасы Ұлттық ұланның № 28237 әскери бөлімі.

Шекарасы: № 28237 әскери бөлім.

Комиссия төрағасы – Сарсимов Әділ Сайранұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Тәнірбергенов Ерікжан Бағланұлы;

Комиссия хатшысы – Семенова Кристина Игоревна;

Комиссия мүшелері – Бейсебаев Ұлан Төлегенұлы, Кеңесқұл Жұлдыз Абайқызы.

№ 279 сайлау учаскесі

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Құмбел көшесі № 98, Ұзынағаш ауылындағы орта мектебі.

Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне адал қызмет етуді, жоғары жауапкершілік пен кәсіби біліктілікті талап ететін ерекше сала. Мемлекеттік қызметші өз міндетін атқару барысында заң талаптарын сақтап қана қоймай, жоғары адамгершілік қағидаттарын ұстануы тиіс. Осы тұрғыда Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі мемлекеттік аппараттың ашықтығын, тиімділігін және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған маңызды құжат болып табылады.

Әдеп кодексінің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын айқындау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру. Кодекс талаптарын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби әрі азаматтық парызы.

Мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін орындау кезінде адалдық, әділдік, ашықтық және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алуы қажет. Ол азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық танытып, өтініштерді заңнама талаптарына сәйкес уақтылы және сапалы қарауға міндетті. Әрбір қабылданған шешім заңдылыққа негізделіп, қоғам мүддесіне сай болуы тиіс.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметші қызметтік өкілеттігін жеке басының пайдасына пайдалануға жол бермеуі, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне қарсы тұруы және мүдделер қақтығысына жол бермеуі қажет. Мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі – халықтың сенімін ақтау. Сондықтан әрбір қызметкер өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік органның беделін арттыруға үлес қосуы тиіс.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты әлеуметтік желілердегі әдеп мәселесіне де ерекше назар аударылады. Мемлекеттік қызметші интернет кеңістігінде пікір білдіру кезінде қызметтік әдебін сақтап, қоғамда теріс пікір туғызатын әрекеттерден, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін жарияланымдардан аулақ болуы қажет.

Әдеп кодексін сақтау тек жұмыс уақытында ғана емес, қызметтен тыс уақытта да маңызды. Себебі мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы мен іс-әрекеті қоғам тарапынан әрдайым назарда болады. Сондықтан мемлекеттік қызметші кез келген жағдайда парасаттылық, жауапкершілік және мәдениеттілік танытып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі – жай ғана талаптар жиынтығы емес, ол халыққа сапалы қызмет көрсетудің, мемлекеттік қызметтің беделін арттырудың және әділетті қоғам қалыптастырудың маңызды негізі.

М.АБДЫКАРИМОВ,
Үлгілі ауылдық округінің әкімі.

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекеттің мүддесіне адал қызмет етуді талап ететін жауапты сала. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігімен қатар, оның әдеп нормаларын сақтауы да ерекше маңызға ие. Осы талаптарды айқындайтын негізгі құжат – Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі.

Әдеп кодексінің басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын қалыптастыру, азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін нығайту және мемлекеттік қызметтің беделін арттыру. Кодекс мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы орындауын, заңдылықты сақтап, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуін талап етеді.

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде әділдік, адалдық, ашықтық, сыпайылық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс. Әрбір азаматпен қарым-қатынаста әдептілік танытып, олардың өтініштері мен мәселелеріне бейжай қарамауы қажет. Сонымен қатар, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға, сыбайлас жемқорлыққа жол беруге, қоғамның мемлекеттік қызметке деген сеніміне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Қазіргі таңда халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімнің артуы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мәдениеті мен әдеп талаптарын сақтауына тікелей байланысты. Әдеп кодексінің қағидаларын бұлжытпай орындау – мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен сапасын арттырудың маңызды шарты.

Әдептілік – мемлекеттік қызметшінің кәсіби келбетінің ажырамас бөлігі. Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің іс-әрекетімен халыққа үлгі болып, қоғамның сеніміне лайық еңбек етуі тиіс. Сонда ғана мемлекеттік қызметтің мәртебесі артып, ел игілігі жолындағы жұмыстар өз нәтижесін береді.

А.ЖАНАХМЕТОВ,
Сарытауқұм ауылдық округінің әкімі.

* * *

Мемлекеттік қызметші – мемлекет пен халық арасындағы алтын көпір. Сондықтан оның кәсіби біліктілігімен қатар, әдептілігі, мәдениеті мен жауапкершілігі қоғам алдындағы беделінің басты көрсеткіші болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі қызметтік міндеттерді адал әрі сапалы орындауға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге, қызметтік этиканы сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметінде заңдылықты, әділдікті, ашықтықты және бейтараптықты басшылыққа алуы тиіс.

Азаматтармен қарым-қатынас барысында сыпайылық таныту, олардың өтініштеріне мұқият қарап, уақытылы әрі сапалы жауап беру – мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттерінің бірі. Әдеп қағидаларын сақтау халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтып, мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдептілік – тек қызметтік талап емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің өмірлік ұстанымы болуы қажет. Өзара сыйластық, адалдық, жауапкершілік пен кәсібилік қағидаларын берік ұстанған мемлекеттік қызметші ғана ел игілігі жолында тиімді қызмет атқарып, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алады.

М.АЙБАЗОВ,
Теміржол ауылдық округінің әкімі.

* * *

Мемлекеттік қызметші қоғам мен азаматтар арасындағы жауапкершілікті сезіне отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативтік – құқықтық актілер талаптарын мүлтксіз сақтауға, жалпы қағидаттар мен адамгершілік нормаларын сақтауға, қызмет барысында және тұрмыста жоғары парасатты, мәдениетті болуға талпынуы тиіс

Мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін сақтауы өте маңызды, себебі тікелей адамдармен қарым-қатынас жасайды. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің сыртқы бейнесі, киім-киісі қимыл әрекеттері, сөйлеу мәнері, ой-пікірі және жеке қаситеттерінің барлығы мәдениеттің үздік үлгісі не айналуы тиіс.

Халықпен жұмыс барысында әр азаматқа құрметпен қарап, өтініштерге нақты әрі түсінікті жауап беру қажет. Мемлекеттік қызметші адалдықты, әділдікті және ашықтықты ұстануы тиіс. Әдеп кодексін сақтау қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін арттырады және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтады.

А.ЧАШАБАЕВ,
Мыңбаев ауылдық округі әкімінің орынбасары.

* * *

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік пен жоғары мәдениетті талап ететін ерекше сала. Бұл қызметтің басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің кәсіби біліктілігімен қатар, оның әдептілігі, адамгершілік қасиеті және қызметтік мәдениеті де ерекше маңызға ие.

Мемлекеттік қызметшінің әрбір іс-әрекеті мемлекеттік органның беделіне және халықтың мемлекетке деген сеніміне тікелей әсер етеді. Азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық таныту, заң талаптарын бұлжытпай орындау, әділдік пен ашықтық қағидаттарын ұстану – мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметіндегі басты ұстанымдар.

Қызметтік әдеп тек жұмыс орнындағы мінез-құлықпен шектелмейді. Ол әріптестермен өзара сыйластықты сақтауды, қызметтік тәртіпті бұлжытпай орындауды, жауапкершілік пен адалдықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қамтиды. Әрбір мемлекеттік қызметші өз ісімен қоғамға үлгі болып, халықтың сеніміне лайық қызмет атқаруы тиіс.

Бүгінде мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен ашықтығын арттыру бағытында әдеп қағидаттарын сақтау ерекше назарда. Әдеп нормаларын сақтау – азаматтардың мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтып қана қоймай, қоғам мен билік арасындағы өзара түсіністік пен құрметті қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметші үшін әдеп – жай ғана талап емес, кәсіби қызметтің ажырамас бөлігі. Әдептілік, адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын берік ұстанған мемлекеттік қызметші ғана ел игілігі жолында нәтижелі еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алады. Халыққа қалтқысыз қызмет ету – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты парызы әрі абыройлы міндеті.

А.ҚАРАХОДЖАЕВА,
Мәтібұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

* * *

Мемлекеттік қызметкер – мемлекет пен халықтың арасындағы алтын көпір. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметін адал атқарып қана қоймай, жоғары адамгершілік қасиеттерді, кәсіби мәдениетті және әдеп нормаларын қатаң сақтауы тиіс.

Мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу, халыққа сапалы әрі ашық қызмет көрсету. Әдептілік, сыпайылық, әділдік, жауапкершілік және адалдық – мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары. Қызмет барысында азаматтармен қарым-қатынаста сыпайы сөйлесу, олардың өтініштеріне мұқият қарау және мәселелерін заң аясында шешуге ұмтылу – әрбір мемлекеттік қызметкердің парызы.

Мемлекеттік қызметкер өзінің қызметтен тыс уақыттағы іс-әрекетінде де қоғам алдында үлгі болуы қажет. Әдеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қызметтік өкілеттікті жеке мүддеге пайдаланбау – мемлекеттік қызметтің беделін арттыратын маңызды талаптар. Қоғамның мемлекетке деген сенімі ең алдымен мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігі мен әдебіне байланысты қалыптасады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер халық сенімін ақтап, заңдылық пен әділдікті басшылыққа алып, өз міндетін абыроймен атқаруы тиіс.

Мемлекеттік қызметкердің жоғары мәдениеті мен әдептілігі – тиімді мемлекеттік басқарудың және қоғамның тұрақты дамуының маңызды негізі. Әдепті қызметкер – елге қызмет етудің жарқын үлгісі.

Д.ОМАРБАЕВ,
Қарғалы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Адами капиталды дамыту мемлекеттің стратегиялық басымдығына айналды – Қазақстанның жаңа Конституциясы күшіне енді

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енуі ұлттық білім беру жүйесін дамытудың жаңа кезеңін айқындап, алғаш рет білім алушылардың негізгі құқықтарын мемлекеттің ең жоғары құқықтық деңгейінде бекітті.

Жаңа Ата Заң өскелең ұрпаққа қамқорлық жасауды мемлекеттің басым міндеттерінің бірі ретінде айқындап, оны тікелей әрі мызғымас конституциялық кепілдіктермен бекітеді. Конституцияның Кіріспесінде адами капиталды дамыту, білім беру, ғылым және инновациялар елдің стратегиялық басым бағыттары ретінде белгіленген.

Сонымен қатар Конституцияның 33-бабына сәйкес азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында орта білімді тегін алу құқығына кепілдік беріледі.

Конституциядағы маңызды жаңашылдықтардың бірі білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған баптың 4-тармағына сәйкес мемлекет білім беру ұйымдарының меншік нысанына қарамастан, олардың қызметіне қойылатын жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Бұл мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарында оқитын барлық балалар үшін тұрғылықты жеріне немесе отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа конституциялық нормалардың өскелең ұрпаққа түсінікті әрі қолжетімді болуы мақсатында Оқу-ағарту министрлігі құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған кешенді шараларды іске асыруда. Жаңа оқу жылынан бастап мектеп бағдарламасына жаңа міндетті пәндер енгізіледі. 5-7-сынып оқушылары «Конституция негіздері» пәнін оқиды, ал 8-11-сыныптар үшін «Заң мен

тәртіп» курсы енгізіледі. Сонымен қатар «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны жаңартылып, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Конституция әлеміне саяхат» атты иллюстрациялық оқу құралы әзірленді.

Жаңа мемлекеттік құндылықтарды тәжірибе жүзінде дәріптеу жұмыстары басталып кетті. Атап айтқанда 25 мамыр күні еліміздің барлық мектептерінде «Заң мен тәртіп – Конституция құндылықтарының негізі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Аталған ауқымды іс-шараға бір мезетте 3,9 миллионнан астам қазақстандық мектеп оқушысы қатысты.

Қабылданып жатқан шаралар балаларға құқықтық білім берумен ғана шектелмей, олардың заңға деген құрметін қалыптастыруға, құқықтық мәдениетін арттыруға және белсенді азаматтық ұстанымын нығайтуға бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламалары «Заң мен Тәртіп» қағидатын басшылыққа алатын, Әділетті Қазақстан құндылықтарын қолдайтын, ғылым мен білімнің елдің табысты болашағы үшін маңызын терең түсінетін заңға бағынатын, жауапты әрі отансүйгіш азаматтарды тәрбиелеуге негіз болады.

https://www.gov.kz/memleket

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

21 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі – халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Осы бағытта қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге ерекше назар аударылады.

Жалпы, қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру жұмыстары қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтиды.

Департамент азаматтардың құқықтарының бұзылуын анықтау және оларды қалпына келтіру мақсатында тек келіп түскен өтініштерді қараумен ғана шектелмей, бақылау іс-шараларын жүргізу арқылы да мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты мониторинг жүргізеді.

Мәселен, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауы бойынша жоспарлы тексеріс кезінде «Құрылысқа арналған эскизді (эскиздік жобаны) келісу» мемлекеттік қызметін көрсету кезінде «Алатау қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан 21 негізсіз бас тарту фактісі анықталды.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуден тек заңнамада көзделген негіздер бойынша ғана бас тартуға жол беріледі.

Алайда жоспарлы тексеріс барысында мемлекеттік қызмет көрсетуші тарапынан эскиздік жобадағы объектінің мекенжайын түзету, жобаның жауапты орындаушысының мөрінің болуы және ситуациялық жоспарға қатысты заңнамада көзделмеген талаптар негізінде бас тартулар берілгені анықталды. Бұл талаптар қолданыстағы қағидаларда көзделмегендіктен, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға заңды негіз болып табылмайды.

Нәтижесінде Департаментпен тексеріс шараларының негізінде 21 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, алдағы уақытта Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

Д.ТҰРЫСБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы.

Әдеп кодексі – қоғам сенімінің кепілі

Мемлекеттік қызмет – халыққа адал қызмет етуді талап ететін жауапты сала. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші кәсіби міндетін сапалы орындап қана қоймай, жоғары адамгершілік қағидаларын ұстануы тиіс. Осы талаптарды айқындайтын негізгі құжат – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі.

Әдеп кодексінің басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік және қызметтен тыс уақытта да әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайту. Кодекс мемлекеттік қызметшілерден адалдықты, әділдікті, ашықтықты, жауапкершілікті және заңдылық қағидаттарын сақтауды талап етеді.

Мемлекеттік қызметші азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық танытып, олардың өтініштеріне құрметпен қарауы қажет. Қызметтік өкілеттігін жеке пайдасына пайдалануға, сыбайлас жемқорлыққа жол беруге және мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші әріптестерімен өзара сыйластық пен іскерлік қарым-қатынасты сақтап, қоғам алдында үлгілі мінез-құлық көрсетуі тиіс. Әлеуметтік желілерде де мемлекеттік қызметтің абыройына нұқсан келтіретін жарияланымдардан аулақ болғаны жөн.

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігі. Әдеп қағидаларын берік ұстану мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырып, халықтың сенімін күшейтеді.

Сондықтан мемлекеттік қызметшінің басты ұстанымы – «Халыққа қызмет ету – абыройлы міндет» екенін әрдайым есте сақтау маңызды.

Ұ.ТОҚСЕЙІТОВ,
Ақтерек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – оның кәсіби қызметіндегі басты талаптардың бірі. Қызметші халықпен қарым-қатынаста сыпайылық, әділдік, адалдық және жауапкершілік қағидаларын сақтауы тиіс.

Мемлекеттік қызметші өз өкілеттігін дұрыс пайдаланып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге, қызметтік тәртіпті сақтауға және қоғамның сенімін арттыруға міндетті. Әдептілік пен жоғары мәдениет – мемлекеттік қызметтің беделін қалыптастыратын маңызды құндылықтар.

Мемлекеттік қызметшінің әдептілігі оның сөйлеу мәнерінен, азаматтарға деген қарым-қатынасынан және өз міндетін орындау сапасынан көрінеді. Халықпен ашық әрі әділ жұмыс істеу – мемлекеттік қызметтің басты құндылықтарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі – тек қызметтік талап емес, ол қоғам алдындағы жауапкершілік. Әдеп нормаларын сақтау арқылы мемлекеттік қызметші халықтың сенімін нығайтып, мемлекеттің беделін арттыруға өз үлесін қосады.

Е.ҚАСЫМШАЛОВ,
Ақсеңгір ауылдық округінің әкімі.

Қоғамдық тыңдау

2026 жылғы 21 тамыз күні сағат 12:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолаққарғалы ауылдық округі, «Қасымбек» өндірістік кооперативтік жері, «Қарғалы-5» кенорнында орналасқан «AMANAT TAS GROUP» ЖШС-нің ұсақтау-сұрыптау кешенінің аумағында жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдау өткізіледі. Қоғамдық тыңдауда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолаққарғалы ауылдық округі, «Қасымбек» өндірістік кооперативтік жері, «Қарғалы-5» кенорнында орналасқан «AMANAT TAS GROUP» ЖШС-нің ұсақтау-сұрыптау кешенінде құм-қиыршықтас қоспасын қайта өңдеу арқылы қиыршық тас өндіру жөніндегі Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары қаралады.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: ендігі – 43°12'04", бойлығы – 75°25'25"

Қатысушыларды тіркеу 60 минут бұрын жеке басын куәландыратын құжат арқылы тіркеледі.

Онлайн қатысу үшін «Zoom» платформасының сілтемесі: https://us05web.zoom.us/j/86507103907?pwd=TRpbzXQzjvDIPHWUWdb73tg3bLbu8P.1

Конференция идентификаторы: 865 0710 3907

Кіру коды: 12345678

Бастамашы туралы мағлұматтар: «AMANAT TAS GROUP» ЖШС (БСН 240340007056), Телефон: +77074160517

Жобаны әзірлеуші: «ECO.PROJECT» Жеке мекеме, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Нововстройка көшесі, телефон +77017626612, e-mail: tta31122016@gmail.com

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы. e-mail: priroda_alm@bk.ru.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat

Мүдделі тұрғындардың ескертулері мен ұсыныстары: https://ndbecology.gov.kz/ электронды пошталары арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты білу үшін байланыс телефоны: **+77017626612.**

Общественные слушания

21 августа 2026 года в 12:00 часов на территории дробильно-сортировочного комплекса ТОО «AMANAT TAS GROUP», расположенного по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Шолаккаргалинский с.о., земли производственного кооператива «Касымбек», месторождение «Каргалы-5» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам РООС, НДВ, ПУО, ПЭК и ППМОО для производства щебня путем переработки песчано-гравийной смеси на ДСК ТОО «AMANAT TAS GROUP», расположенного в Алматинской области, Жамбылского района, Шолаккаргалинский с.о., земли производственного кооператива «Касымбек», месторождение «Каргалы-5».

Географические координаты территории воздействия: ширина – 43°12'04", долгота – 75°25'25"

Регистрация участников за 60 минут при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Подключиться к конференции Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/86507103907?pwd=TRpbzXQzjvDIPHWUWdb73tg3bLbu8P.1

Идентификатор конференции: 865 0710 3907

Код доступа: 12345678

Реквизиты инициатора: ТОО «AMANAT TAS GROUP»

БИН 240340007056, телефон: +77074160517

Разработчик проектов ИП «ECO.PROJECT», Алматинская обл., Талгарский район, г. Талгар, ул. Новостройка, дом 5, тел.+77017626612, e-mail: aliya_86_30@bk.ru

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области. e-mail: priroda_alm@bk.ru.

Документация по проекту размещена на ЕЭП: https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat

Предложения и замечания принимаются на сайте https://ndbecology.gov.kz/

Дополнительную информацию можно получить по номеру телефона: **+77017626612**

Алматы облысында «Май Бұлақ» МКК-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті «Май Бұлақ» МКК-ның тарату желілер арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекіту бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау тарифті бекітуге немесе өзгертуге өтінімді қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті рәсім болып табылады. Оларды өткізу ашықтықты қамтамасыз етуге, тұтынушылардың пікірлерін ескеруге және тарифтерді бекіту кезінде әділеттілік қағидаттарын сақтауға бағытталған.

Жария тыңдау 2026 жылғы 17 шілде күні сағат 10:00-де «ZOOM» платформасы арқылы (идентификатор: 760 8389 7430, код: 8YBJNe) онлайн режимінде өтеді.

Департамент тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Жария тыңдауға қатысуға жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, табиғи монополиялар субъектілері және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады.

Анықтама үшін телефон: **8 777 122 19 88.**

В Алматинской области пройдет публичное слушание по заявке ГКП «Май Бұлақ».

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по Алматинской области проводит публичное слушание по рассмотрению заявки ГКП «Май Бұлақ» на утверждение тарифа и тарифной сметы по регулируемой услуге «подача воды по распределительным сетям».

Публичное слушание является обязательной процедурой, предусмотренной законодательством Республики Казахстан при рассмотрении заявок на утверждение или изменение тарифов. Их проведение направлено на обеспечение прозрачности, учет мнений потребителей и соблюдение принципов справедливости при утверждении тарифов.

Публичное слушание состоится 17 июля 2026 года в 10:00 часов в онлайн режиме на платформе «ZOOM» (идентификатор: 760 8389 7430, код: 8YBJNe).

На слушание приглашаются потребители, независимые эксперты, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Справки по телефону: **8 777 122 19 88.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы тамыздың 1-нен бастап, ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша Департаментінің 07.07.2026ж. № 93-НҚ сәйкес, Беріктас, Қайназар, Жамбыл, Қызыласкер, Үңгіртас, Сұраншы батыр, Шиен, Қарақыстақ, Қоғамшыл, Аққайнар, Бұрған ауылдары бойынша, суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің тарифі және тарифтік сметасы (1 ш.м.) суға төмендегідей болып өзгертілгенін хабарлаймыз:

- Жеке тұлғалар үшін – 166,24 теңге;
- Бюджеттік ұйымдар үшін – 514,0 теңге;
- Басқа да заңды тұлғалар үшін – 384,56 теңге.

«Май Бұлақ» МКК
байланыс телефоны: 2-20-38.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП «Май Бұлақ» уведомляет, что в соответствии с приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Алматинской области от 7 июля 2026 года № 93-ОД, с 1 августа 2026 года вводятся в действие новые тарифы на услуги по подаче воды по распределительным сетям для населенных пунктов: Бериктас, Кайназар, Жамбыл, Кызыласкер, Унгиртас, Сураншы батыр, Шиен, Каракыстак, Когамшыл, Аккайнар и Бурган.

Тарифы за 1 кубический метр (1 м³) воды составляют:

- Для физических лиц – 166,24 тенге;
- Для бюджетных организаций – 514,0 тенге;
- Для прочих юридических лиц – 384,56 тенге.

ГКП «Май Бұлақ» контактный
номер телефона: 2-20-38.

ТҮЗЕТУ

2026 жылғы 30 маусым күні өткен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі № 95 лот бойынша конкурсқа бір қатысушы өтінім беріп, ҚР Жер кодексінің 43-1 бабының 21 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға екіден аз қатысушы жіберуіне байланысты № 95 лот өткізілмеді деп танылсын.

Е.ҚАЙРАТ,
аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы.

«Ғибратты ғұмырды» қаламмен сөйлеткен Тұрсынбек Ешенқұлов ақсақал 88 жаста

Сөз қадірін өз қадірім деп білген, артында өнегелі із қалдырған тұлғалардың ғұмыры әрқашан уақыттан биік тұрады. Осындай ел ардақтаған, соңына ерген ұрпаққа жол көрсетіп, даналықтың мектебіне айналған ардақты ақсақалымыз, білікті журналист әрі қаламгер Тұрсынбек Ешенқұлов атамыз 8 шілде күні сексен сегіз жастың асқар биігіне шығып отыр.

Бұл әрине Тұрсынбек атамыздың еңбегін білетін, ол кісінің қаламы мен парасатына тәнті болған барша жұртшылықтың, әсіресе біздің «Атамекен» газеті ұжымының ортақ қуанышы. Осынау айтулы мерекенің тағы бір үлкен тарихи сәтпен ұштасуы – атамыздың зерттеуінен туған «Ғибратты ғұмыр» атты жаңа деректі туындысының жарық көруімен тұспа-тұс келуі қуанышымызды еселей түскендей. Рухани сабақтастықтың жарқын үлгісі осындай болса керек.

«Тоғанай Т» баспасынан жаңадан жарық көрген «Ғибратты ғұмыр» кітабы – Тұрсынбек атамыздың ұлт руханиятына, білім беру саласының тарихына қосқан зор үлесі. Кітаптың мазмұны аты айтып тұрғандай, нағыз ғибратқа толы. Биыл туғанына 100 жыл толып отырған даңқты ұстаз, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі», «Қазақ КСР-інің Халық ағарту ісінің үздігі» Жұмабай Жадриннің өнегелі өмір жолы осы кітаптың алтын діңгегіне айналған. Кезінде есімі Кеңестер Одағынан тыс елдерге де танылып, өзі басқарған мектеп-интернатқа елуден астам шетелдік делегация келіп тәжірибе үйренген, жоғары мемлекеттік наградалар – «Ленин» және «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері болған ұлы тұлғаны бүгінгі ұрпаққа қайта таныту – үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Тұрсынбек атамыз осы еңбегінде ұлағат иесінің тәрбиесін алған шәкірттердің жүрекжарды естеліктерін, мұрағаттық деректер мен тарихи суреттерді шебер тоғыстыра отырып, нағыз деректі повесть тудырған.

«Атамекен» газетінің ұжымы үшін Тұрсынбек Ешенқұловтың есімі өте ыстық және қадірлі. Жазуды жанына серік еткен атамыздың кезінде «Атамекен» газетінің қара шаңырағында қызмет етіп, басылымның қалыптасуы мен дамуына, аймақтың тыныс-тіршілігін шынайы бейнелеуге сіңірген еңбегі орасан. Қаламы қарымды журналист, арқалы публицист ретінде атамыз салған сара жол бүгінгі таңда біз секілді кейінгі толқын журналистер үшін үлкен мектеп екені даусыз. Өзі сексен сегіздің сеңгіріне шыққа да, қолынан қаламын түсірмей, тарих қойнауынан Жұмабай Жадрин секілді біртуар тұлғалардың есімін аршып алып, осындай келісті кітап жазып шығуы – атамыздың кәсіби шеберлігі мен жанкешті еңбекқорлығының айқын дәлелі.

Осынау қос қуаныш қарсаңында Тұрсынбек ақсақалымыздың біздің редакциямызға арнайы өзінің қолтаңбасы қойылған «Ғибратты ғұмыр» кітабын сыйға тартуы – біз үшін үлкен мәртебе, баға жетпес тарту болды. Бұл ықылас – атамыздың өзі еңбек еткен қара шаңыраққа деген шексіз құрметінің, кейінгі іні-қарындастарына деген ағалық ақ батасының белгісі. Атаулы кітап редакциямыздың ең төргі, ең құрметті жерінен орын алып, әрбір қызметкердің сүйіп оқыр рухани азығына айналды.

Қадірлі Тұрсынбек Ешенқұлов ата!

Сізді бүгінгі 88 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен және «Ғибратты ғұмыр» кітабыңыздың жарық көруімен «Атамекен» газеті ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңіз салған сара жолмен келе жатқан қара шаңырақ ұжымы Сізге алдымен мықты денсаулық, қажымас қайрат және отбасыңызға бақ-береке тілейді. Жасыңыз ұзақ болып, немере-шөберелеріңіздің ортасында, елдің аяулы қариясы болып аман-есен жүре беріңіз. Тоқсанның төріне, жүздің жүйрігіне жетуіңізге тілектеспіз. Туған күніңіз құтты болсын!

Ж.БАЙҒАЗЫҚЫЗЫ
Атамекен

АУДАНДЫҚ АРХИВКЕ – 45 ЖЫЛ

Архив – тарих сақтаушысы

Еліміздің өткені мен бүгінін жалғап тарихымыздың құнды жәдігерлері мен шынайы деректерін көздің қарашығындай сақтап отырған алтын қазына – архив мекемелері.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсанында «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 874 қаулысымен «22 желтоқсан – архившілер күні» мерекелер күнтізбесіне енгізілген.

Архив қызметінің басты бағыттары: Ұлттық архив қорын толықтыру, архивтік құжаттарды жинақтау, сақтаудағы құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, сақтаудағы құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру және жария ету болып табылады.

Биыл «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жамбыл аудандық филиалының құрылғанына 45 жыл толып отыр.

Мекеменің құрылу тарихына көз жүгіртсек, халық депутаттарының Алматы облыстық Советі атқару комитетінің 23 шілді 1981 жылғы № 14-350 шешімінің негізінде Жамбыл, Қаскелең, Күрті аудандарының мекемелері, ұйымдары, кәсіпорындары құжаттарының сақталуын қаматамасыз ету мақсатында «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жамбыл филиалы 1981 жылдың 1 тамызында Ұзынағаш ауылында ашылған. Бүгінгі күні филиалда ауданның 192 мекемесінің 63024 бірлігі сақталуда.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Жамбыл ауданының аудандық, ауылдық атқару кеңестерінің, аудандық мәслихаттың, аудан әкімі аппаратының, ауылдық округ әкімі аппараттарының, таратылған колхоз, совхоздардың, аудандық ауруханаының және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда мемлекеттік мекемелердің құжаттарынан басқа, ауданымыздың белгілі тұлғалары мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттары

сақтауға қабылданған. Бұл жұмыс әлі де жалғасын табады.

Мемлекеттік сақтауға өткізілген құжаттар талаптарға сай температуралық-ылғалдылық режимін сақтай отырып архив қоймаларында сақталады.

Филиал қоймаларында құжаттар құнды-лығына, санаттарына қарай және жабылған, жұмыс істеп тұрған мекемелердің қорлары болып топтастырылған.

Мемлекеттік сақтауға өткізілген құжаттарға қор нөмірлері беріліп, сараптау-тексеру комиссиясымен бекітілген тізімдемеге сай филиал қоймаларындағы сөрелерге орналастырылады.

Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Мәдени даму» Негізгі жобасын жүзеге асыру аясында «Архив шежіресі», «Архивтер сөйлейді», «Тарихи тұлғалар» атты кіші жобалардың іс шаралар бағдарламасында көрсетілген тиісті шараларды жүзеге асыру мақсатында Жамбыл филиалында көптеген іс шаралар өткізілуде. Архивтік құжаттарды пайдала отырып көрмелер ұйымдастыру арқылы халыққа таныстыру, бұқаралық ақпарат құралдарына шығару, жеке және заңды тұлғалардан түскен сұраныстарды орындау архив жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Филиал қызметкерлері «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесіне құжаттарды енгізу жұмыстарын жүргізіп жатыр. 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін филиал қызметкерлері 4265 сақтау бірлігі бойынша 476633 парақты цифрлық форматқа өткізді. Бұл жұмысқа арнайы жылдам өткізетін сканерлер беріліп, жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Бұл дегеніміз, алдағы уақытта барлық архив құжаттары цифрлық форматта сақталады деген сөз. 2021 жылдың қазан айынан бастап «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі де осы «Е-Архив» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ, филиалда сақталған архивтік құжаттар бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, көрмелер, жеке текті қор құрушылармен кездесулер, мақалалар және т. б. іс-шаралар өткізіледі.

Еліміздің басынан өткен небір аласапыранның өзі құнды құжаттардың бүгінгі күнге жетуіне кедергі бола алмағаны белгілі. Сол құндылықтарымызды сақтап, халық мүддесіне пайдалануды жүзеге асыру мемлекеттік архивтердің еншісінде.

Ж.ШАЛҒЫНБАЕВА,
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Жамбыл аудандық филиалының директоры.

Заң және тәртіп

Құқықтық мәдениет – қоғам негізі

Қарғалы ауылындағы «BAQSY» білім беру және сауықтыру орталығында «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Жұлдызды қонақ» жобасы аясында танымал актер Мырза Маханбетпен кездесу өтті.

Іс-шараны Жамбыл ауданының прокуратурасы, аудандық білім бөлімі және «BAQSY» білім беру және сауықтыру орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Шараның мақсаты – жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ оқушылардың өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тұлғалық қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Алматы қаласының прокуратурасы «Telegram-арна» негізінде «Zhastarmen» жобасын жүзеге асыруда.

Осы орайда заң талаптарын бұлжытпай сақтау – қауіпсіз әрі бақытты өмірдің басты кепілі екені ерекше айтылды. «Қауіпсіз жазды таңдаймын!» ұранымен ұйымдастырылған шарада алғашқы сөз Жамбыл ауданының прокуроры Азамат Сұртаевқа және Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілі Меруерт Еркінқызына берілді. Олар оқушыларға заңды білу – өз құқықтарын қорғаудың және құқық бұзушылықтың алдын алудың ең тиімді жолы екенін жан-жақты түсіндірді.

Бұл шараға аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Медеуова қатысты.Ал «Жұлдызды қонақ» жобасы аясында бала кезінен кино саласында еңбек етіп келе жатқан актер Мырза Маханбетпен еркін форматтағы сыр-сұхбат өтті. Актер өзінің өмір жолы мен

шығармашылық тәжірибесі туралы әңгімелеп, жастарды сапалы білім алуға, уақытты тиімді пайдалануға, алға нақты мақсат қойып, оған табандылықпен жетуге және құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақырды.

Эльмира ҚЫСТАУБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Ақтерек ауылдық округінде құқықтық кабинет ашылды

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №899 бұйрығына сәйкес, 2024-2026 жылдарға арналған құқықтық түсіндіру жұмыстары жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Жамбыл ауданы әкімдігінің «Ақтерек ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында құқықтық кабинеті өз жұмысын бастады.

Құқықтық кабинет тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Мұнда азаматтар заңнамадағы өзгерістер, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі және өзге де құқықтық мәселелер бойынша кеңес алып, қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады.

Құқықтық кабинет азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, заң талаптарын құрметтеуге және құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бастама тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайтып, халыққа көрсетілетін құқықтық көмектің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ақтерек ауылдық округінің тұрғындарын құқықтық кабинет қызметін белсенді пайдалануға шақырамыз. Құқықтық мәселелер бойынша кеңес алу үшін Ақтерек ауылдық округі әкімдігінің ғимаратына келуге немесе төмендегі байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

Байланыс телефоны: 8 (72770) 53-2-10.

НАСЛЕДСТВО

*** Открылась наследственная масса после смерти Харьковой Нины Филипповны, 9 апреля 1936 года рождения, умершей 4 января 2026 г. Наследников просим обращаться к нотариусу Малаевой Ботакоз Намиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Мажитова 12.

*** Открылась наследственная масса после смерти Жердентапканова Дуйсенбай Омаровича, 12 октября 1965 года рождения, умершего 30 июня 2026 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул. Саурык батыра 183 «А», **до 30 декабря 2026 года.**

*** Открылась наследственная масса после смерти Канкулбаевой Розы, 20 июля 1942 года рождения, умершей 17 декабря 2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Караш батыра 115 «А».

*** Открылась наследственная масса после смерти Буралкиева Ерлана Альтаевича, 11 июня 1965 года рождения, умершего 25 марта 2026 года. Всех наследников прошу обратиться к нотариусу Малаевой Ботакоз Намиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул. Мажитова 12.

*** Открылась наследственная масса после смерти Мамедова Алик Мамутовича, 19 августа 1969 года рождения, умершего 23 февраля 2026 года. Всех наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул. Саурык батыра 183 «А», **до 23 августа 2026 г.**

*** Открылась наследственная масса после смерти Дуйсебековой Калажан, 1 августа 1941 года рождения, умершей 7 февраля 2026 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Саурык батыра 183 «А», **до 7 августа 2026 г.**

«Атамекен» газетінің бетінде жарияланатын ақылы материалдардың 1 ш.см бағасы 230 теңгені құрайды.

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.
Бас редактор
Әйгерім ӘБУ
Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық поштасы: 1932Atameken@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 28 (1539)
• Индексі – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.
Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, № 223 «Б».